

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ**

**Жанғара ДӘДЕБАЙҰЛЫ
Ерғали САҒАТ
Зенебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ**

СҰХБАТТАР КІТАБЫ



**Абай институтының
электрондық басылымдары
5-том**

Алматы 2024

УДК 070
ББК 76.01
Д20

Қазақстан Жазушылар одағы әдеби сын кеңесінің
қатысуымен дайындалған
Абай ғылыми-зерттеу институты ұсынған

Әдеби-редакциялық кеңес
Дәдебаев Ж., Ысқақұлы Д., Әбдезұлы Қ.

Жауапты редакторы Л. Мұсалы

Дәдебайұлы Ж., Сағат Е., Шілдебайұлы З. Сұхбаттар кітабы. – Алматы: Абай ғылыми-зерттеу институты, 2024. – 57 б. / «Абай институтының электрондық басылымдары» сериясы. 5-том

ISBN 978-601-08-4041-6

Кітапта үш қаламгердің төрт сұхбаты берілген. Олардың екеуі – Жанғара Дәдебайұлы мен Ерғали Сағаттың сұхбаты, екеуі – Жанғара Дәдебайұлы мен Зернебек Шілдебайұлының сұхбаты. Сұхбаттар қоғамның маңызды мәдени-әлеуметтік мәселелеріне құрылған.

Кітап орта, жоғары мектептерде білім алушы жастарға, жас мамандарға, оқырман көпшілікке арналған.

УДК 070
ББК 76.01

© Абай институты, 2024
© Дәдебайұлы Ж., Сағат Е., Шілдебайұлы З., 2024

ISBN 978-601-08-4041-6

«СҰХБАТТАР КІТАБЫ» туралы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің көрнекті түлектері Ерғали Сағат пен Зернебек Шілдебайұлы көп жылдар бойы бұқаралық ақпарат құралдары саласында басшылық қызметте болды. Ерғали «Алматы ақшамы» газетінде, Зернебек «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналында бас редактор лауазымында жемісті, игілікті қызмет атқарды. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі бола жүріп, елдің қоғамдық санасының жаңғыруы мен дамуына бірі жазушы-журналист, бірі ақын-журналист ретінде, бұқаралық ақпарат құралының бас редакторы ретінде зор еңбек сіңірді.



Екеуі де әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін бітірді: Ерғали - журналистика факультетін, Зернебек - филология факультетін. Журналистік ебекпен қатар екеуі де шығармашылықпен айналысты: Ерғали - проза жанрында, Зернебек - поэзияда.



Солдан оңға қарай: Зернебек, Жанғара, Ерғали

Зейнеткерлікке шыққанша бірге жүрдік. Екеуі бірдей жанымда болғанда, көңіл көзім ашылып, мерейім өсіп, мәз болушы едім. Зейнетке шыққаннан кейін бұрынғыдай емес, сирек бас қосатын болдық. Зейнетке шығардың алдындағы бірер жыл көлемінде екеуімен арнайы сұхбаттастым: Ерғалимен екі рет, Зернебекпен екі рет. Төрт сұхбат та кезінде баспасөз бетінде жарияланды.

Биыл екеуінің де жасы жетпістің бесеуіне келуші еді. Дүниеден озды. Өздері кетіп, жасы жетпіс беске шыққан шығармашылық тұлғалармен болған төрт сұхбатты кезек-кезек, қайта-қайта оқыдым. Сол төрт сұхбаттың басын қосып, «Сұхбаттар кітабы» деп атап, үшеуіміздің атымыздан электрондық басылымда жариялауды дұрыс көрдім.

Марқұм Ерғали Сағаттың, Зернебек Шілдебайұлының рухтарына Жаратушымыздың рақым етуін, Пайғамбарымыздың (с.а.с.) шапағат етуін сұраймын.

Ж. Дәдебайұлы
12.04.2024



САПАЛЫ БІЛІМ АРЗАН БОЛМАЙДЫ, АРЗАН БІЛІМ САПАЛЫ БОЛМАЙДЫ



Е. Сағат. Білім жайында, оның даму заңдылықтары, тенденциялары хақында бұрын да аз әңгіме болған жоқ. Қазір де неше алуан пікірлер бар. Сірә, алдағы заманда да талай сөз айтылар. Айтылған ойларға оралып соғу да, оларды сараптап, саралап жату да біздің міндетімізге жатпас. Осы күні елдің көңілін аландатып жүрген басты жайлар төңірегінде ғана ой өрбітсек. Оған қалай қарайсыз?

Ж. Дәдебайұлы. Дұрыс. Ұсынысыңыз орынды.

Е. Сағат. Республика Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында (2004 жылғы 19 наурыз) еліміздің, еліміздің экономикасының, халқымыздың әлем кеңістігінде бәсекеге қабілеттілігінің маңызы аса зор екендігіне ерекше назар аударды. “Ұлттың бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалады”, – деді. Демек, ел өмірі үшін білімділік пен біліктіліктің маңызы өлшеусіз зор. Кейінгі бір-екі жыл бойында білім саласында бірнеше жаңа шешімдер жүзеге асырылды, нақты жаңа істер атқарылды. Солардың ішінде Бірыңғай ұлттық тестілеу ерекше назар аударуда. Білім және ғылым министрлігінің осы бастамасына қатысты сіздің өз пікіріңіз қандай?

Ж. Дәдебайұлы. Жаңа нәрсенің бәріне әуелде тосырқап, үрке қарайтын әдетіміз бар. Жұртшылықтың ішінде бұл бастамаға әлі де осылай, үрке қараушылар баршылық. Біріңғай ұлттық тестілеудің кісі жатырқайтындай жаттығы жоқ. Орта мектепті бітіру үшін және жоғары оқу орнына түсу үшін емтихан тапсырушылардың біліміне, дағдысына қойылатын талаптар, бақылау құралдарының сапасы, өлшем жүйесі мен мөлшер шамасы бірдей болса, онда сол екі рет тапсыратын емтиханды бір рет қана тапсыратын біріңғай емтиханға айналдырудың қандай сәкеттігі бар. Орта мектепті бітіру емтихандары мен жоғары оқу орнына түсу емтихандары біртұтас сипатқа

иеленіп, олардың орнына Бірыңғай ұлттық тестілеудің келуі осындай қисынға негізделеді. Бірыңғай ұлттық тестілеу қорытындылары мектеп үшін оқушыларды қорытынды аттестациялау нәтижелері ретінде қабылданса, орта кәсіптік және жоғары кәсіптік оқу орындары үшін қабылдау емтихандарының нәтижелері ретінде есептеледі. Бұл жөнінде теориялық тұрғыда бір-біріне қайшы келіп жататын неше алуан тұжырымдар ұсынуға болады. Бірақ ондай пікірлердің мерзімдік, өтпелі саясат үшін емес, ғылым мен білімнің дамуы үшін ұсынылғаны оңды. Екінші жағынан, Бірыңғай ұлттық тестілеу біз үшін жаңа болғанмен, басқалар үшін жаңалық емес. Іргеміздегі Ресейдің осы жүйеге, Бірыңғай мемлекеттік емтиханға, көшкеніне бірнеше жыл болды. Россия бұл бағытта қыруар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Соған қарамастан тәжірибеде де, теорияда да алуан түрлі сәйкессіздіктер бар.

Е. Сағат. Бірыңғай ұлттық тестілеу біздің еліміз үшін қаншалықты тиімді болды немесе болады?

Ж. Дәдебайұлы. Бірыңғай ұлттық тестілеудің тиімділігін түрлі тұрғыда бағалауға болады. Біріншіден, емтихан тапсырушы жастардың білімін бағалауда жеке тұлғалардың ықпалының болмауы. Мұның өзіне түрліше қарауға болады: емтихан тапсырушы жастың көзімен; мұғалімдердің көзімен; ата-ана көзімен, т.б. Білімді, оқуы терең жас үшін Бірыңғай ұлттық тестілеудің маңызы өлшеусіз зор. Шәкірті жоғары көрсеткішке жеткен мұғалім де Бірыңғай ұлттық тестілеуді осылай бағалайды. Сөйтіп Бірыңғай ұлттық тестілеу баланың білімін әділетті көрсетумен бірге мұғалімнің біліктілік деңгейін де әділ анықтап бере алады. Сондықтан әр оқушы, әр мұғалім, әр мектеп өз қызметі сапасының артуына мүдделі. Мұндай мүдделіліктің әлеуметтік маңызы өлшеусіз зор. Екіншіден, Бірыңғай ұлттық тестілеу мектеп түлектерінің ұлтына, жынысына, әлеуметтік жағдайына қарамастан, бәріне бірдей талап қояды және олардың жоғары оқу орындарына мемлекеттік тапсырыс негізінде оқуға түсуіне бірдей жағдай жасайды. Үшіншіден, Бірыңғай ұлттық тестілеу нәтижесінде анықталған осы және басқа көрсеткіштер тиісті әлеуметтік талдаулар, тұжырымдар жасауға, білім деңгейін бақылау мен бағалаудың сапасын арттырудың тиімді жолдарын іздеп табуға, сөйтіп тиісті білім жүйесі сапасын жетілдіре беру жолында қажетті шешім қабылдауға негіз болады. Бұл – өте күрделі, бірақ қажетті процесс.

Е. Сағат. Бірыңғай ұлттық тестілеу жүйесінде математика, Қазақстан тарихы, қазақ тілі немесе орыс тілі пәндері бойынша емтихан тапсыру баршаға бірдей міндетті. Ал төртінші пәнді талапкердің өзі таңдайды. Тестілеу пәндерінің қатары, саны біздің қоғамымыздың талаптарына сай деп ойлайсыз ба?

Ж. Дәдебайұлы. Пікірдің қандайы да белгілі бір факторлардың арасалмағын анықтау барысында тиянақталады. Бізде Бірыңғай ұлттық тестілеу, өзіңіз айтып отырғандай, төрт пән бойынша жүргізіледі: үшеуі – баршаға міндетті; біреуі – баланың таңдауы бойынша. Ресейде Бірыңғай мемлекеттік емтихан мына пәндер бойынша жүргізіледі: математика, Ресей тарихы, орыс тілі, әдебиет, физика, химия, биология, география, қоғамтану, шет тілі. Барлығы он пән. Бәрі де басты пәндер. Неге төрт болу керек немесе неге он болу керек? Мүмкін, біздің жағдайымыздағы міндетті үш пәннің үстіне тағы бес не алты пән қосқан дұрыс шығар. Бұл ойдың негізі жоқ емес. Қандай пәнді де оқушы белгілі мақсатқа сай оқиды және сол пән бойынша алған білімін пайдаланудан өзіне тиетін пайданы да ойлап тұрады. Мұндай факторды ескерген дұрыс. Өйткені білім сапасын жақсартуға мұның тікелей қатысы бар. Жалпы алғанда, Сіздің көтеріп отырған мәселеңіз өте маңызды, оны байыпты түрде қарастыру керек.

Е. Сағат. Осы өзіңіз айтып отырған білім сапасының жай-күйін, жақсарту сатылары мен кезеңдерін қандай көрсеткіштер немесе индикаторлар арқылы бақылап, анықтауға болады?

Ж. Дәдебайұлы. Бұл – өз алдына үлкен ғылым саласы. Оның мәселелері көп, ал білім сапасының жай-күйін, жақсарту сатылары мен кезеңдерін бақылаудың бірнеше халықаралық жүйесі бар. Біздің өз жүйеміз бар. Солардың ішінде әзірге біздің баса назар аударып отырған басты бір саламыз – оқушының сапалы білім алуы үшін қажетті жағдайлардың жасалуы. Мұның бірнеше көрсеткіштері бар. Сондай-ақ білім мазмұны, оқыту әдістері, оқу құралдарына қатысты индикаторлар да ерекше маңызды. Білікті ұстаздар құрамы да басты көрсеткіштер қатарына жатады. Негізінде, студенттің сапалы білім алуына тиісті деңгейде жағдай жасалғанда ғана білім сапасы туралы айтуға болады. Ал ондай жағдай жасалмаған білім мекемесінде оқу да, оқыту да обал.

Е. Сағат. Бірыңғай ұлттық тестілеудің (емтихан) мәні мен мәнісі жоғары делік. Бірақ соны нақты аумақтарда ұйымдастыру мен өткізуге байланысты қиыншылықтар болды. Соның салдарынан өздерінің жоғары оқу орындарына оқуға түсу құқығын пайдалана алмаған жастар да бар. Алдағы уақытта бұл секілді олқылықтардың орны толар деп сенесіз бе?

Ж. Дәдебайұлы. Бірыңғай ұлттық тестілеу (емтихан) биыл алғаш рет өткізілді. Оның қыры мен сырын оқушылар мен мұғалімдер, ата-аналар жаңадан ғана танып отыр. Бірте-бірте бұл технологияны мектептің бар баласы, бар мұғалімі жете білетін болады, Бірыңғай ұлттық тестілеу (емтихан) технологиясы, тест сұрақтарының сапасы жетіле береді деп сенемін. Білім сапасын бақылау мен бағалаудың

дербес орталығы құрылса, бұл бағыттағы жұмыстарды халық, қоғам сұранысына сай деңгейде жүргізуге болар. Егерде баспасөз білім саласындағы өзгерістер жайында сын ғана айтып қоймай, сол өзгерістердің мағынасын, жай-жағдайын, мақсаты мен мәнін жалпы көпшілікке түсіндіруді мұрат етсе, бұл бағытта бүкіл ел болып жетістіктерге жетуіміз ғажап емес.

Е. Сағат. Бірыңғай ұлттық тестілеу оқушылардың бәріне бірдей талап қояды. Ал мектептердегі жағдай әр түрлі. Қай мектептерде негізгі пәндердің мұғалімі жоқ. Математикадан – физик, тарихтан географ сабақ беріп жүр. Осы жағдайды түземей, оқушыларға бірдей талап қоюға бола ма? Жалпы мектеп түлектерінің әр пән бойынша біліміне қойылатын талаптарды бір ізге түсіріп белгілеген мелекеттік стандарт бар ма? Мұны дұрыс жолға салуға кім жауапты деп ойлайсыз?

Ж. Дәдебайұлы. Аландаушылық білдіруіңіз өте орынды. Ал орта мектеп түлектерінің белгілі пәндер бойынша білімі мен дағдысының қажетті деңгейін қалыптастырған мемлекеттік стандарт бізде әзірге жоқ. Оқушының әр пән бойынша білім деңгейі мен дағды-дәрежесін мемлекеттік білім стандарттары белгілеп, бекітуі қажет. Мұндай стандарттар бізде қашан жасалады – оны кесіп айту қиын. Ресей бұл істі қолға алып, орта мектеп пәндерінің білім стандарттарын өндіріске енгізе бастады. Біздің мамандарымыз да қарап отырмас. Алайда оқушылардың біліміне тиісті пән бағдарламасы негізінде қойылатын қазіргі талаптың бірыңғай деңгейін ары-бері түрлендіру негізсіз. Орын алып отырған келеңсіз жағдайды түзеу керек. Көпшілік мұндай жағдайды түзеуге Білім және ғылым министрлігі жауапты деп біледі, баспасөз солай деп қарайды. Білім және ғылым министрлігі білім сапасын бақылау мен бағалау жүйесі арқылы оқыту деңгейін де анықтауға мүмкіншілік алып отыр. Сіз айтып отырған олқылықтарды көрсетіп отырған – министрліктің өзі. Ендігі кезекте мұғалімнің білімі мен кәсіби шеберлігін жетілдіру шараларын іске асыруға тура келеді. Бұл жерде ойланып пікір айтқан жөн. Мектептерде сапалы білім алуға қажет жағдай жасау, мектептің мұғалімдер құрамын жасақтау әкімшіліктің міндеті болу керек. Мектепте сапалы білім беруге қажетті жағдай жасауға аумақтық әкімшілік жауапты болғанда іс те оңға басады. Ал орта мектеп пәндерінің білім стандарттарын жасау, бекіту, өндіріске енгізу Білім және ғылым министрлігінің құзіретінде.

Е. Сағат. Әлемдік білім кеңістігіне өзгелермен иық теңестіріп енуіміз туралы айтып жүрміз. Әлемнің алпауыт елдерінің, мысалы, Американың мектептерінде математиканы – физик, тарихты – географ оқытып жүрмеген болар?



Ж. Дәдебайұлы. Америка мектептерінде біздегідей кемшіліктер

болуы мүмкін емес секілді көрінетіні рас. Америка Құрама Штаттарының математика мен жаратылыстану ғылымдары пәндерін ХХІ ғасырда оқыту жөніндегі Ұлттық комиссиясының АҚШ-тың Білім министріне жолдаған 2000 жылғы баяндамасында бұл туралы мынадай мәлімет беріледі: көптеген штаттардағы орта мектептерде математика мұғалімдерінің әрбір төртіншісінің, ал жаратылыстану ғылымы пәндері мұғалімдерінің әрбір бесіншісінің өздері сабақ беріп жүрген пән бойынша ең төмен дерлік те біліктілігі жоқ.

Е. Сағат. Америка мектептерінде де осындай орасан олқылықтар болады деп кім ойлаған... Жә, бұл жақты қоя тұралық. Сіздің жаңағы бір сөзіңізден шығады, сапалы білім беру үшін тиісті жағдайы бар да, жоқ та кәсіптік оқу орындары маман даярлайды. Бәрі де мемлекеттік үлгідегі диплом береді. Олардың беретін білімінің сапасы да, берген білімі үшін алатын оқу ақысы да әр түрлі: бірінде аз, бірінде көп. Осындай әркелкіліктің әлеуметтік салдары қандай болмақ?



Солдан оңға қарай: Жанғара, Ерғали, Зернебек

Ж. Дәдебайұлы. Көп нәрсе қоғамымыздың қазіргі жалпы даму деңгейімен байланысты. Диплом алып шыққан маманның білімі мен біліктілігін пайдалануға мүдделі тараптар түрліше: мемлекеттік мекеме; жеке шаруашылық ұжымы; акционерлік компаниялар, т.б.

Бәрі де білімді, білікті маманға зәру делік. Бірақ іс жүзінде олай емес. Мысалы, белгілі бір мекемеде отырған қызметкерлердің қатарында, қолында дипломы болғанына қарамастан, істің не жөнін, не мәнін білмейтін, білуге талпынбайтын адамдар бар. Бұл нені көрсетеді? Бұл қайбір мекемелердің өз қызметі нәтижесінің сапалы болуына мүдделі еместігін көрсетеді. Мұның әлеуметтік кері әсері бар.

Е. Сағат. Білім және ғылым министрі жоғары оқу орындарында оқу ақысының мөлшері туралы ой айтты. Егерде оқу ақысы артса, онда әлеуметтік жағынан жеткілікті қорғалмаған жастардың жоғары білім алу мүмкіншілігі қиындап кетпей ме?

Ж. Дәдебайұлы. Білім және ғылым министрінің жоғары оқу орындарындағы оқу ақысының мөлшері туралы ойын орынды деп санаймын. Қазіргі шақта Қазақстан жоғары оқу орындарында оқу жылы ішінде 1 студентті оқытуға мемлекеттік бюджеттен жұмсалатын орташа шығыс 119-134 мың теңге аралығында. Қайбір жоғары оқу орындарында мемлекеттік бюджеттен жұмсалатын бұл шығын 4-5 есе жоғары. Мысалы, М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Қазақстандағы филиалында бұл шығын 539,5 мың теңге болса, Қазақстан-Британ техникалық университетінде 474,4 мың теңгені құрайды. Бұл – біздің мемлекетіміздің аталған университеттерде мемлекеттік білім гранты негізінде оқитын әр студенттің бір жылдағы оқуы үшін төлейтін оқу ақысы. Еліміздің маңдайалды деген бір не екі ұлттық университетінде мемлекеттік білім гранты негізінде оқитын бір студенттің бір жылдық оқу ақысын осы деңгейде белгілеуге қол жетсе, бұдан халық та, мемлекет те, ата-ана мен студент те тек игілік табады. Бұл ой өмірдің өз сұранысынан туып отыр. Оны іс жүзіне асырудың әлеуметтік-экономикалық маңызы үлкен. Сонымен қатар жоғары білімді мамандар даярлауға мемлекеттік тапсырыс (грант) көлемін көбейту туралы министрінің ұстанымы да ел болашағы үшін, әлеуметтік жағынан жеткілікті қорғалмаған жастардың жоғары білім алуына мүмкіншілік жасау үшін маңызды.

Е. Сағат. Білім туралы заңымызда: “Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау” – деп жазылған. Егер жаңағы қаржы сеебінен студенттің оқуына тиісті жағдай жасалса, оқытушылар құрамының сапасы жоғарыласса, әрине, бұдан студент те, университет те, мемлекет те ұтады, ұтылмайды. Бұл, шынында да абзал ой, орынды пікір ғой деп ойлаймын. Мемлекеттің өз болашағына жасаған қамқорлығының ерен бір үлгісі дерлік екен. Әйтсе де, осы мақсаттың жүзеге асуы қиын болмас па екен? Бұған мүлде қарсы болып

жүргендер де бар сияқты ғой...

Ж. Дәдебайұлы. Оңай да болмас. Қарсы болушылар да жоқ емес. Бір студенттің бір жылдағы оқуы үшін мемлекеттің жұмсайтын қаржысын өсірмеу, үнемі бір қалыпта ұстау немесе төмендету қоғамның әлеуметтік дамуына тежеу болатыны, зиян келтіретіні түсінігі бар жанға түсінікті. Сондықтан да еліміздің көшбасы жоғары оқу орындары мемлекеттен осындай қамқорлықты күтеді. Бұл мәселенің оң шешілуі, еліміздің өзіңіз айтқандай, болашағына деген мемлекеттік қамқорлықтың шынайы көрінісі болмақ. Келесі жылдың мемлекеттік бюджет жобасында білім саласына бөлінетін қаржының биылғы жылғы 41 миллиард теңгеден 61 миллиард теңгеге дейін өсуін көздеу көңілге үміт ұялатады.

Әйтсе де жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасауға ойдағы осы қаржы жетеді деу асығыстық болады. Қажетті жағдайлар деңгейін белгілейтін бірнеше мемлекеттік құжаттар бар. Солардың ішінде Қазақстан Республикасының “Жоғары кәсіби білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасы” деп аталатын мемлекеттік стандарты бұл саладағы басты талаптарды қамтиды. Сапа менеджментінің жүйелері туралы басқа стандарттарда да Білім және ғылым министрлігінің жоғары білім беру ұйымдарының қызметіне қоятын талаптары негізделген. Сол талаптарға лайықты іс атқару біздің білім беру жүйеміздің халықаралық стандарттарға сәйкес дамуының бастапқы алғышарты деуге болады. Бұл бағыттағы міндеттерді шешу тағы да қаржыға келіп тіреледі. Алдағы жылдың мемлекеттік бюджет жобасындағы білім саласына бөлінетін қаржы көлемінің өсуінен үміт күтіп отырғанымыз рас. Бірақ ол қаржы жоғары оқу орындарының жаңағы мемлекеттік стандарттар талабына толық сай болуын қамтамасыз ететін шаралардың алғашқы бір легін ғана іске асыруға жол аша алады.

Е. Сағат. Осы пікіріңіздің тұсында мынадай жайлардың басын ашып алғым келеді. Мемлекеттік білім гранты негізінде оқитын студенттің бір жылдағы оқуына жұмсайтын шығыс мөлшерін мемлекет жыл сайын өсіріп отырады. Жоғары оқу орындарында студенттердің сапалы білім алуына қажетті жағдай жасауда мұның маңызы жоғары. Мемлекеттік білім грантын алған жастар түгелге жуық мемлекеттік оқу орындарына барады. Сонда мемлекеттік емес, жекеменшік сипаттағы жоғары оқу орындары мемлекеттің осы саясатынан зиян көрмей ме?

Ж. Дәдебайұлы. Бұл жерде мына тұжырымға тоқтауға тиіспіз: мемлекет студенттің сапалы жоғары білім алуы үшін қажетті жағдайларды толық жасауға міндетті. Мемлекет бұл міндетін мемлекеттік білім гранты негізінде оқитын бір студенттің оқуына бір

жылда жұмсайтын шығыс көлемін белгіленген тәртіппен көбейту және басқа іс-шаралар арқылы орындай алады. Ал мемлекеттік білім грантын жеңіп алған талапкер қандай жоғары оқу орынында оқып, білім алатынын өзі таңдайды. Жекеменшік оқу орындарының студентке сапалы білім беруге қажетті жағдайлар жасау мүмкіншілігі түрлі факторларға тәуелді. Олардың мұндай жағдай жасауға қажетті шығыс көлемін арттыру қабілеті де шектеулі. Сол себепті жоғары білім беру рыногында жекеменшік сектор үн-түнсіз, тұяқ серіппей қала беруге шыдай алмайды. Жоғары оқу орындарында мемлекеттік білім гранты негізінде оқитын студенттің бір оқу жылындағы оқу шығынының көлемін өсіру туралы Үкімет қаулысына мойынсұнбау нышандарының түп негізінде осындай сыр бар деп білу керек.

Е. Сағат. Студенттің бір жылғы оқуына кететін мемлекет шығынының өсу қарқыны туралы не айтар едіңіз?

Ж. Дәдебайұлы. Уақыт ағымына қарай, мемлекеттің экономикалық қуатына қарай бұл шығынның көлемі өсіп отыруға тиісті. Мысалы, мемлекеттің бір студентке бір жылда жұмсайтын қаржысының орташа көлемі былтырғы оқу жылында тоқсан мың теңге болса, биылғы оқу жылында жүз жиырма мың теңге шамасында. Бұл көп емес.

Е. Сағат. Осы қаржы көлемінің ақылы оқу ақысының өсуіне ықпалы бар ма?

Ж. Дәдебайұлы. Жоғары оқу орнында келісім-шарт негізінде оқу шығынын өзі төлеп оқитын студенттің бір жылдық оқу ақысы мемлекеттік тапсырыс (грант) негізінде оқитын студенттің бір жылдық оқу ақысының мөлшері көлемінде болуы туралы үкіметтің 2002 жылғы 2 тамызда қабылданған № 861 қаулысы бар. Қаулы “Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 сәуірдегі № 596 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы” деп аталады. Қаулының мазмұны білім беру қызметін лицензиялау жайында. Белгілі бір салада білім беру қызметін атқаруға мемлекеттік лицензия алу үшін жоғары оқу орындары басқа талаптармен қатар оқу ақысының мөлшері туралы осы талапты да орындауға міндетті. Бірақ үкіметтің бұл қаулысы жоғары оқу орындарының бәрінде бірдей орындалып отырған жоқ. Әр жоғары оқу орны студенттердің оқу ақысын өз ыңғайына қарай екі жақты келісім-шарт негізінде белгілейді.

Е. Сағат. Мемлекеттің бір студентке бір жылда жұмсайтын қаржысының орташа көлемі жыл сайын өсіп отырса, ал ақылы оқудың көлемі одан төмен болмаса, шаруашылығы, әл-ауқаты төмен ата-аналардың балаларының ақы төлеп оқуы, шынында да, қиындап кететін сияқты ғой. Осы қаулының халық үшін маңызы қаншалықты?

Ж. Дәдебайұлы. Жалпы, мәселені осылай қоюдың негізділігі туралы ойлану керек. Қандай жаңадан шыққан бала болса да өзінің біліміне, ақыл ойына, қабілетіне сенуі қажет. Мысалы, мына жайды көз алдымызға елестетейік. Бір азамат өзінің еңбегі мен біліміне сенді, сенді де оқыды, оқыды және оқыды. Нәтижесінде жоғары оқу орнына оқуға қабылданды. Келесі бір азамат ондай болмады: ерінбей еңбек етіп оқудың орнына бірде оқыды, бірде оқымады. Нәтижесінде жоғары оқу орнына оқуға түсуге қажетті білім көрсеткішіне жете алмады. Осы азамат енді бір үлкен, іргелі жоғары оқу орнына келіп: “Ақылы негізде оқимын, бірақ қаржым жоқ, сондықтан оқудың ақысын азайтыңдар!” – деп тұр екен делік. Сонда не оқу оқып, білім таппаған, не еңбек етіп, мал таппаған осы азаматқа қандай тұрғыға сүйеніп жауап берген абзал? Жоғары оқу орнының білім беру қызметін пайдаланушылардың (тұтынушылардың) бірі арзан білімді қалайды, бірі қымбат білімді алуға талпынады. Әр тұтынушының өз мақсаты, өз көздегені болады. Мына азаматтың арзан бағаға сапасы жоғары білім алғысы келеді. Нарықты жағдайда бұл – орындалуы мүмкін болмайтын сұраныс. Судың да сұрауы бар. Сапалы білім арзан болмайды. Арзан білім сапалы болмайды. Бірақ білім алғысы келген еңбекқор жанға тосқауыл жоқ.

Жоғарыда аталған Қаулыға келсек, ол да жоғары оқу орындарында оқу сапасының деңгейін көтеру мақсатынан туған. Оның қабылданған мерзімінен бері де біраз уақыт өтті. Қоғам алға басты. Қоғамдық сана өсті. Үкімет басына басқа қайраткер келді. Мемлекеттік бірнеше стандарттар іске қосылды. Оларда білім беру қызметінің сапасына қойылатын талаптар негізделді. Ендігі шақта жоғары оқу орындарындағы білім сапасы аталған Қаулының білім алу ақысының мөлшері туралы талабына тікелей тәуелді деп айту дұрыс бола бермеуі мүмкін. Қаулының бұл талабы өз міндетін толық атқарып, белгілі бір уақыттан кейін қолданудан қалуына әдеттегідей қарау керек.

Е. Сағат. Ақылы оқу көлемін арттыру тек осы Қаулыға ғана байланысты болса, біздер неге Білім және ғылым министрлігінің атына сын айтып жүрміз?

Ж. Дәдебайұлы. Ақылы оқу көлемі туралы мемлекеттік құжат – осы Қаулы. Ақылы оқу көлемінің осы Қаулыда белгіленген мөлшерге дейін өсуі қажеттігіне, Үкімет Қаулысының орындалуына назар аудару – Білім және ғылым министрлігінің парызы. Шындығына келгенде, министрлік бұл қаулының орындалуын жоғары оқу орнының білім беру қызметін лицензиялау кезінде қадағалай алады. Сондықтан күнделікті жағдайда жоғары оқу орындарында ақылы оқу ақысын көтеру не төмендету екі тараптың өзара келісім-шарты негізінде ғана мүмкін болады. Ол екі тараптың бірі – жоғары оқу

орны, екіншісі – студент.

Е. Сағат. Осыған дейін бұл жайында біздің баспасөз қызметкерлері түрлі пікір айтып келгені рас. Бірақ істің мәні Сіз айтқан ақиқат ахуалдарға негізделгендігін, шынымды айтсам, енді аңғарып отырмын. Сөйтіп, мемлекет қаржысы есебінен оқу қымбаттады дейік. Бұны қалай бағалап, қалай қабылдауға болады?

Ж. Дәдебайұлы. Бұл орайда Сіздің назарыңызды мынаған аударғым келеді: жоғары оқу орындарының білім беру қызметін тұтынушылардың алдында таңдау мүмкіншілігі тұруы мақұл болмақ. Бірінші таңдау – қымбат білім алу. Екінші таңдау – арзан білім алу. Әрине, мемлекет білім сапасының жоғары болуы үшін жүйелі түрде әрекет етеді. Әйтсе де алдағы уақыттарда білім беру саласында осындай жүйе орын алатын болар деп болжаймын. Бір мамандық аясында арзан білім алған маман мен қымбат білім алған маманның еңбек рыногында бәсекеге қабілеттілігі дәрежесі тайға басқан таңбадай ерекшеленіп тұрады. Олардың білімі мен біліктілігін тұтынушылар, қызметке алушы мекемелер өз талап-тұрғысы негізінде бағалайды. Соған орай еңбек рыногында білімі мен білігіне сұраныс көп мамандар және білімі мен білігіне сұраныс аз мамандар топтары екшеліп шығады.

Е. Сағат. Олардың жалақысы қандай болмақ деп ойлайсыз?

Ж. Дәдебайұлы. Қымбат, бірақ сапасы жоғары білім алған маманға еңбек рыногында сұраныс көп болса, олардың жалақысы да ойдағыдай болмақ. Арзан, бірақ сапасы төмен білім алған маманға еңбек рыногында сұраныс аз болса, олардың жалақысы да төмен болмақ. Мамандардың білімі мен біліктілігін тұтынушы, қызмет беруші мекемелер мен ұйымдардың деңгейі де әртүрлі. Біріне арзан еңбек күші керек. Біріне қымбат еңбек күші қажет.

Е. Сағат. Жуықтағы болашақта еңбек рыногында осындай талап орнығуы мүмкін. Оның кейбір белгілері қазірдің өзінде бар. Бүгінгі күнімізге қайта оралайық. Енді білімі мен біліктілігі түрлі деңгейдегі осы мамандарға еңбек рыногындағы сұранысты газет оқырмандарына түсінікті түрде қалай сипаттауға болар еді?

Ж. Дәдебайұлы. Оны жалпы түрде ғана сипаттауға болады. Алматыда бір ірі мекеме бар екен делік. Мекеме өз қызметкерлерінің біліктілігі деңгейіне нақты талаптар қояды. Ол талаптардың ең бастысы – маманның кәсіби және коммуникативтік мүмкіншілігінің жоғарылығы. Мұның қысқаша түсінігі мынадай: а) маман өзінің қызметі бабында белгілі бір аумақтағы тиісті мамандармен жоғары кәсіби деңгейде қарым-қатынас орната білуге тиіс; б) мекеменің қызмет саласына қатысты әлемде жинақталған ақпараттарды пайдаланып, тиісті талдаулар, ұсыныстар жасауға, шешім қабылдауға қабілетті болуға тиіс. Талаптың кейінгі тармағы маманнан бүгінгі ақпараттық технологиялардың соңғы жетістіктерін пайдала-

нып, қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде кәсіби деңгейде жұмыс істей білуді (талдаулар, ұсыныстар жасау, шешім қабылдау) қажет етеді. Бір айлық еңбек ақы мөлшері 2000 АҚШ доллары және одан жоғары. Мекеменің және онда жұмыс жасайтын маманның қысқаша сипаттамасы осындай дейік.

Тиісті мамандықтар бойынша білім стандарттарында бұл талап белгілі бір дәрежеде көрініс тапқан. Маманның біліктілік сипаттамасында осындай талаптар ескерілген. Сөйткенмен де осы мекемеде жұмыс істеуге қажетті білімі мен біліктілігі бар маманды қандай жоғары оқу орны даярлайды, қандай жағдайда даярлайды? Оқу ақысы төмен оқу орындарында осындай білім және біліктілік деңгейі бар маман даярлау, әрине, қиын. Өйткені мұндай білім мен біліктілік беру қызметі қымбат.

Е. Сағат. Сонда әлгіндей мекемеде сонша еңбекақы алып жұмыс жасауға қымбат, сапасы жоғары білім алған маманның ғана мүмкіндігі бар болғаны ғой...

Ж. Дәдебайұлы. Негізінде, осылай болып шығады.

Е. Сағат. Балаларымызды қазақ не орыс тілінде оқытамыз. Ағылшын тілінде оқу деген не сұмдық, бұл қазақ тілінің тамырына балта шабу ғой деп жатқандар да бар ғой?

Ж. Дәдебайұлы. Бар ғой. Оқу орындарында білім алушының қай тілде оқуға да құқығы бар. Ал жекелеген бір пәндердің ағылшын немесе басқа тілде оқытылуына мүмкіншілік жасау – бүгінгі күннің сұранысы, болашақтың ісі, оқудың, білім берудің болашақтағы үлгісі. Екінші жағынан, бұл үлгіге ұмтылыс арнайы мамандандырылған мектептерде қазірдің өзінде бар. Ал жоғары оқу орындарында жекелеген мамандықтар бойынша басты деген пәндер шетел тілдерінде оқытылады. Ықтиярсыз түрде емес, студенттің сұранысы бойынша. Қазақ, орыс және бір шетел тілдерінде бірдей еркін қызмет жасай білетін жас маман бүгінде іргелі мекемелер мен ұйымдардың бәрінде де аса қадірлі. Егер ата-ана өз баласының мұндай білім мен біліктілік алуына қарсы болса, оның таңдауына, еркіне ешкім үстемдік жасай алмайды. Сапалы білім алуға қажетті ресурстары жеткілікті бір мектепте физика немесе математиканы қазақ және ағылшын тілдерінде бірдей оқытуға толық жағдай жасап, тиісті мамандар даярлап келіп, таңдауды оқушының өзіне беріп көріңіз. Бұған оқушының, ата-ананың, қоғамның қалай қарайтынын істің нәтижесі анықтайды. Күндердің күнінде бұл үздік оқитын мақсатты оқушылардың басты сұранысына айналатын болады. Меніңше, бұл істе жоғары оқу орындарында арнайы мемлекеттік тапсырыспен қажетті мамандар даярлау аса маңызды.

Е. Сағат. Ия, сөзіңіздің жаны бар. Мұндай жүйе менің сұранысыма барынша сай. Бүгінгі тыныс-тіршілігімізге тағы да қайта оралсақ.

Тұрмыс-жағдайы төмен ауыл баласына дәл қазір қандай жеңілдік болмақ?

Ж. Дәдебайұлы. Ауыл балаларының мүддесін, ауылдың тағдырын мемлекет ауылдан шыққан азаматтан кем ойлайды деуге болмайды. Ауылдың баласының қабілеті, ақыл-ойы қаланың баласының қабілетінен, ақыл-ойынан төмен деп айтуға тағы болмайды. Әйтсе де, ауыл жастары үшін ауылдың экономикалық дамуын анықтайтын мамандықтарға бөлінген мемлекеттік тапсырыстың 30% көлемінде квота берілген. Екіншіден, ауыл адамы ерінбей еңбек етіп, тіленбей өмір кешуге көшуде. Бірақ ескеруді қажет ететін жайлар да жоқ емес. Мысалы, біреулердің масылдық пиғылмен өздерінің бар мәселелерін мемлекет есебінен немесе басқа біреулердің есебінен шешуді дұрыс деп білуі мүмкін. Бұл, әрине, баянды жол емес. Әр адам, әр азамат өзінің талабы, еңбегі арқылы, білімін, біліктілігін, кәсіптік шеберлігін тұрақты түрде көтеру арқылы өзін, өз отбасын қажетті игіліктермен қамтамасыз етуі тиіс. Білім – осы игіліктердің ең бастысы.

Е. Сағат. Сонда да ауылдың талантты балалары үшін басқа қандай жол болуы мүмкін?

Ж. Дәдебайұлы. Талантты балалар олимпиадаларда, ғылыми жұмыстардың конкурстарында, тағы басқа форумдарда анықталады. Ондай балаларды жоғары оқу орындарына қабылдаудың тиісті тәртібі бар. Бірыңғай ұлттық тестілеу де талантты балалардың жарқырап көрінуіне жол ашады.

Ауылдың талантты балаларын мақсатты жолдамамен жоғары оқу орындарында оқытып, оларды ауылдың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға тартуда аймақтық әкімшіліктің қызметі зор. Бұл мәселенің оң шешімін табудың бір жолы жергілікті бюджет есебінен ауылдың, аймақтың талантты балалары үшін әкімнің арнайы білім гранттарын тағайындауы болмақ. Білім және ғылым министрлігінің мұндай ұсынысты айтып келе жатқанына біраз болды. Әзірге бұл ұсынысқа үн қатып, нақты іс-шаралар жасауға көшкен бірден-бір әкім – Астана әкімі. Қажетті мамандардың тізбесін, әр мамандық бойынша қажетті білім гранттарының санын, оларды тағайындаудың немесе талапкерлерге берудің тәртібін анықтау, сондай-ақ мемлекеттік несиені немесе ақылы негізде оқып-білім алған мамандардың оқу үшін алған мемлекеттік несиелері мен жұмсаған шығындарын өтеу, т.т. – осылардың бәрі облыс әкімінің жергілікті бюджет есебінен нақты бір мақсатты бағдарлама аясында шешуіне болатын мәселелер қатарына жатады. Облысты білімді, білікті мамандармен қамтамасыз етуді, жалпы шаруашылықтың сапа менеджменті жүйесін үзіліссіз жетілдіруді мақсат еткен әкім айтылып отырған жайларға салғырт қарамауға тиісті. Талантты

балалардың жоғары білім алуына қажетті мүмкіншіліктер туғызудың басқа да жолдары болуы мүмкін. Оны көпшілікпен, ғылыми қауыммен ақылдасып анықтаған дұрыс. Сонан кейін ғана бұл туралы тиісті мемлекеттік орган алдында нақты ұсыныс жасау орынды.

Е. Сағат. Білім беру – бүкілхалықтық іс. Ондағы басты тұлғалар – мемлекет, оқу орындары және оқу орындарының білім беру қызметін тұтынушы азаматтар. Мемлекет те, жоғары оқу орны да, азаматтар да білім беру ісінде өз қызметін, өз міндеттерін анық белгілеп, әрқайсысы өз міндеттері аясында іс атқаруы шарт. Бұл ретте жоғары оқу орны және білім алушы тұлғалар қандай жағдайда мемлекеттің қамқорлығына қол артуды, қандай жағдайда өз мүмкіншіліктері мен өз күшіне сүйенуді анық білуге міндетті. Сіздің айтқан ойларыңыздан осындай тұжырымға келіп отырмын. Қателесіп отырған жоқпын ба?

Ж. Дәдебайұлы. Қателескен жоқсыз. Тұжырымыңыз орынды.

Е. Сағат. Қоғамның білім және біліктілік деңгейі үзіліссіз артуға тиіс. Ол үшін талапкерлердің сапалы жоғары білім алуға деген құқығын қорғау мемлекет тарапынан қамтамасыз етілуі шарт. Мұны жүзеге асыру үшін, мемлекеттің әр студентті оқытуға бір оқу жылында жұмсайтын қаржысының көлемін өсіру қажет. Жоғары білімді мамандар даярлауға мемлекеттік тапсырыс көлемін арттыру керек. Бірақ мұның шегі бар. Ақылы оқудың құнын жоғары оқу орны мен студент екеуара келісім-шарт негізінде анықтайды. Сіздің әңгімеңіздің мәнінен тағы бір ұққаным осындай. Бұл пікірге қалай қарайсыз?

Ж. Дәдебайұлы. Сөзіңіздің жаны бар. Сіз, негізі, шындықты айтып отырсыз.

Е. Сағат. Қазіргі заманның даму қарқынына біреу ілеседі, біреу ілеспейді. Күн сайын өзгеріс. Осындай зымыран уақыт қанатында кісінің айналасы, білім, ғылым туралы сенімі де өзгеріп жатады. Жалпы, сеніміңіз жайында бір ауыз сөз айтсаңыз қайтеді.

Ж. Дәдебайұлы. Айтайын. Сенім – күрделі ұғым. Кісі өзінің білімі мен еңбегіне сену керек. Білім мен еңбек жоқ жерде сенімге де орын жоқ. Шындыққа сену керек. Сенімді мен шындықпен сабақтас қабылдаймын. Жақсылыққа, ілгері үмітке сену керек. Мен сенімді адамның жақсылығымен, ілгері үмітімен байланыстырамын. Сөзге де сену керек, егер шын болса. Бұл арада: “Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады”, – деген халық даналығын есте ұстаған жақсы. Бас жаратын сөздің түрлері бірқатар: өтірік сөз; өсек сөз; бәле сөз; жала сөз, т.б. Отыз тістен шығып, отыз рулы елге тарайтын – осылар. Жай сөзден баспасөзге айналса, олар сөз емес, қып-қызыл өрттің өзі болып шыға келеді. Жүрген жеріне, ортасына өрт салғанның жазасы екі дүниеде бірдей ауыр. Бұл да халық даналығынан қалған ой тамшысы. Баспасөзден, мүмкін болғанынша, ақылдың, имандылықтың, ізгілік-

тің, білімнің самалы есіп тұрғаны абзал. Сонда баспасөз де абзал сөз болмақ. Сіздің газетіңіздің бетіндегі сөз ақылдың, имандылықтың, ізгіліктің, білімнің сөзі болады деп те сенемін.

Е. Сағат. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – еліміздің маңдайалды жоғары оқу орны. Қоғамымыздың интеллектуалдық дамуында ҚазҰУ қызметінің маңызы өлшеусіз зор. ҚазҰУ қалашығы құрылысының екінші кезеңінің басталуы туралы хабарды естігенде, мен өзім шын жүректен қуандым. Университет қалашығы құрылысының екінші кезеңінің ғылыми кітапхана ғимаратын салудан басталатыны, оның ірге тасының алғашқы кірпішін Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев пен Чех Республикасының президенті Вацлав Клаус қалағаны, кітапхана құрылысына 850 миллион теңге қаржы бөлінгені біздер, университет түлектері үшін шынында да жүрек тебіренерлік оқиға болды. Алдағы уақытта “Алматы ақшамы” жоғары оқу орындары, солардың ішінде өзіміз түлеп ұшқан туған университетіміз туралы әңгіме бастамақ. Сізді сол әңгімеге шақырмақ ойымыз бар.

Ж. Дәдебайұлы. Рахмет.

Алматы ақшамы. – 2004, 18 қыркүйек.



Жанғара мен Ерғали



КҮННІҢ НҰРЫ МЕН АНАНЫҢ СҮТІ ТУРАЛЫ ПӘН



Е. Сағат. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2005 – 2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Осы бағдарлама аясында әдеби білім беру мәселелеріне бір көз салсақ, көңіл аударсақ деген ойым бар. Әдебиет жайлы, әдеби шығарма жайлы айтылып келе жатқан ой-толғау, талдаулар мен жинақтаулар, айналып келгенде, шеберлік, жазушы шеберлігі туралы әңгімеге келіп саяды. Оқу мен оқыту мәселелері хақында жазылған еңбектер де аз емес. Ал әдебиет пәні оқытушысы шеберлігі жөнінде әзірге нақты, мәнді дерлік еңбек жоқ деуге болады. Бұл әдебиет пәнін оқытудың, оқытушы творчествосының қадір-қасиеті мен маңыз-мәніне әлі жете алмай жүргеніміздің белгісі емес пе екен?

Ж. Дәдебайұлы. Кісінің де, кісінің ісінің де қадіріне жете алатындай болдық емес пе... Оқытушы еңбегі, әдебиет пәні оқытушысының творчествосы, педогогикалық шеберханасы мәселелерінің бүгінгі күнге дейін кең көлемде әңгіме арқауына ілінбеуі түрлі себептермен байланысты. Солардың ішінде негізгісі – оқытушы творчествосы туралы көпшілікке арналған үлкен еңбек жасаудың қиындығы.

Әдебиетті оқыту туралы, оның әдістемесі туралы бірқатар еңбектер бар. Ал әдебиет пәні оқытушысының творчествосы – күрделі, игеруге қиын мәселе. Ол жөнінде қолына қалам алып жүрген оқытушылар, азаматтар жарыса жазып кете алмайды. Тіпті дарынды деген жазушыңыз бен шебер журналист те оқытушы творчествосының құпияларына терең бойлай алмайды. Өйткені, әдебиет пәнін оқыту – әрі творчество, әрі кәсіп, әрі ғылым, әрі өнер. Жоғары оқу орындарында оқытушы еңбегінің мұндай творчестволық сипаты, бұл ерекше творчествоның психологиясы жайында арнаулы немесе жалпы курс оқу ісі әзірге жолға қойылған жоқ.

Оқытушы, әдебиет пәні оқытушысының творчествосы туралы творчестволық еңбек жазу – жазушының да, журналистің де,

оқытушының да, ғалымның да мүмкіншілігінен жоғары тұрған іс. Бұл секілді қиынға журналист пен әдебиетшіге, ғалым мен оқытушыға тән творчестволық қасиеттерді бойына бірдей сіңіре алған жан ғана бара алады. Қазіргі күн жазушыдан да, журналистен де, оқытушыдан да, ғалымнан да осыны талап етіп отыр. Дей тұрғанмен, ондай бірегей, сегіз қырлы, бір сырлы азаматтар өте аз. Сол аз мамандардың қайбіреулерінің бұл іспен айналысуға уақыты жоқ.

Е. Сағат. Әдебиет пәнін оқытудың жоғары нәтижелілігін қамтамасыз ету үшін оқытушы табиғатына қажетті басты қасиеттер туралы әр кісінің өз түсінігі бар. Маған әдебиет пәнін оқыту, әдебиет сабағы теңдессіз шығармашылық процесс секілді болып көрінеді. Оқулықта бар материалды баяндап айтып беру де үлкен қабілетті, дайындықты талап ететіні рас. Алайда әдебиет пәнін шығармашылық процесс деңгейіне дейін көтеріп оқыту үшін, оқытушы бойында қандай қасиеттер болуы керек деп ойлайсыз?

Ж. Дәдебайұлы. Әдебиет пәні оқытушысының талант табиғатына, шынайы әдебиет оқытушысы болу да талант деп білемін, қойылатын бірнеше талаптар бар. Солардың ішінде ерекше атауға болатын бірнеше сапалық белгіні бөліп көрсетуге болады. Оның бірі – әдебиетті сүйе білу. Екіншісі – болашақ кәсіби қызметі саласы ретінде әдебиетті таңдап алған студенттерді сүйе білу. Үшіншісі – студенттерге (оқушыларға) әдебиет пәнін оқытуды сүйе білу. Әдебиет пәні оқытушысына тән талант табиғатының негізін осы үш сала, үш жүйе болып тоғысып жататын азаматтық үлкен сүйіспеншілік белгілейді. Осындай ұлы деуге лайықты сүйіспеншілігі барда, ұстаз да берік принципі мен мөп-мөлдір тазалығынан, әділдігі мен адалдығынан танбаса керек. Жүрек оты осындай аппақ, тап-таза нұрмен алаулай алған ұстаз шәкіртінің ойы мен сезімін, жаны мен жүрегін қатар баурап, оны әлеуметтік белсенді, нәтижелі, баянды шығармашылық әрекетке жетелейді. Оқытудың, оқудың тиімділігі де осыдан басталады.

Е. Сағат. Мұндай қасиеттердің, жарқырап ашыла түсуі үшін оқытушыға өз білімін арттыруға қыруар уақыт керек болар. Оқытушының оқу мүмкіншілігі мен уақыты туралы ойларыңыз қандай?

Ж. Дәдебайұлы. Жоғары мектеп оқытушыларының күндік жұмыс уақыты алты сағат көлемінде белгіленіп келеді. Ал әдебиет пәнін оқыту ісіндегі ең бірінші оқушы – оқытушының өзі. Оқудан қол үзген жағдайда оқытушымын деу ағаттық. Сондықтан әдебиет пәні оқытушысының жұмыс күнін алты сағатпен шектеп қою жөнсіз, оның әл-қуат жинауға қажетті уақытынан (ұйқы, ас ішу) өзге сағаттарының бәрі жұмысқа, кәсіби білімін, шеберлігін жетілдіру жолындағы ізденіске, оқу мен оқытуға арналады.

Е. Сағат. Расында, әдебиет өнердің басты саласы ретінде сәт сайын дамып, толысып отырады. Әдебиет пен әдебиеттанудың бір жылғы жаңалығын игерудің өзі өлшеусіз көп уақытты талап етеді. Оны игермеген, игере алмаған әдебиет оқытушысы әдебиеттің даму қарқынына ілесе алмайды. Бұл әдебиет пәнін оқыту сапасына кері әсер етеді. Бұл пікірге қалай қарайсыз?

Ж. Дәдебайұлы. Әдебиеттің даму қарқынына ілесе алмаған әдебиетшінің әдебиет туралы білімі, мәліметі шектеулі болатыны рас. Мұның, әрине, әдебиет пәнін оқыту сапасына да қатысы бар. Сондықтан әдебиет пәні оқытушысының бос уақыты түгелдей оқу, үздіксіз ізденіс ізденіс үстінде өтеді. Бұл оның оқытушылық еңбегінің шығармашылық даралығын көрсетеді. Әдебиет оқытушыларының сырттаны ғана осындай шығармашылық деңгейге көтеріледі.

Е. Сағат. Қазір студенттердің аудиториялық оқу жүктемесі жеңілдеп, өздігінше іздену жұмыстарына көп көңіл бөлінуде. Соған байланысты оқытушылардың шығармашылық ізденісіне қажетті бос уақыттары болар деп үміт ету мүмкін бе?

Ж. Дәдебайұлы. Жалпы, үміт еткен жақсы. Бірақ студенттің аудиториялық оқу жүктемесі жеңілдегенмен, оқытушының еңбегі азаймайды. Студенттің аудиториялардан тыс орындайтын жұмыстарына жетекшілік жасау, бағыт-бағдар көрсету, кеңес беру, ақырында жұмыс нәтижесін бағалау оқытушының өз еңбегі үшін жауапкершілігін арттыра түседі, үздіксіз ізденіске бастайды. Бос уақыт деген әдебиет оқытушысында болмайды.

Е. Сағат. Сонда әдебиет оқытушысы өмір бақи оқи ма?

Ж. Дәдебайұлы. Тоқетерін айтқанда, солай. Әдебиет оқытушысы ғана емес, мамандардың бірі де өзінің кәсіби білімі мен білігін, шеберлігін үнемі арттырып, жетілдіріп отырмаса, еңбек рыногында керексіз болып қалмақ. Сондықтан да өз ісінің нағыз маманы өмір бақи оқиды, білімін байытады, шеберлігін жетілдіреді.

Е. Сағат. Студенттің уақыт мөлшері туралы қандай ойдасыз?

Ж. Дәдебайұлы. Студенттің аудиториялық жұмысы аптасына отыз алты сағатқа дейін созылатын еді. Бүгінгі күн талаптарына сәйкес, қазір студенттердің апталық аудиториялық сабақтарының көлемі азайды. Соған сәйкес студенттердің белгілі пән бойынша өздігінше ізденулеріне, творчестволық жұмыспен айналысуларына тиісті мүмкіншіліктер бар.

Е. Сағат. Аталған мүмкіншіліктер аудиториялық сабақтардың қысқартылуы есебінен жасалып отырса, бұл жағдай студент дайындығының белгілі бір дәрежеде төмендеуіне алып келмес пе екен?

Ж. Дәдебайұлы. Аудиториялық сабақтардың санын азайтудағы

мақсаттың өзі оқудың, оқытудың студент үшін тиімділігін арттыру ғой. Әр жоғары оқу орнында бір лекторлар болады – олардың проблемалық лекцияларының практикалық және ғылыми нәтижелілігі өте жоғары екендігінде сөз жоқ. Лекцияның құрылым-жүйесінің белгіліден белгісізге, жалқыдан жалпыға бастайтын сатылар бойынша немесе керісінше тартылуы, оқытушының талдау мен дәлелдеу тәсілдерінің байлығы, шешендігі, лекциясының ғылыми тереңдігі мен эмоциялық әсерлілігі – студентті творчестволық ойлауға дағдыландыруда бұлардың атқаратын қызметі айрықша. Алайда лекция студентке тиянақты білім берудің бірден-бір ғана жолы емес. Бойға қонған білімнің бәрі де жақсы. Ал студенттің өз бетімен ізденіп, ойын қозғап, ақылына жүгініп, еңбекпен тапқан білімі одан да қымбат. Оқуға, білімін өздігінше жетілдіруге деген саналы сұранысы жоқ студентке қандай тамаша лектордан да көп нәрсе ауыса алмайды. Ал ондай сұранысты оятып, қалыптастыруда тебіреніс, толқу туғызған лекция мен студенттің өздігінше орындайтын белсенді оқу жұмыстары арасындағы жалғастық жетекші рөл атқарады. Бұл тұрғыдан алғанда, аудиториялық сабақтарды азайту есебінен студенттердің өздігінше орындайтын жұмыстарына бөлінген уақытты арттыру орынды. Бұл мәселеге “Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005 – 2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында” ерекше мән берілді. Оның әлеуметтік маңызының жоғарылығы анық. Ал студенттердің өздігінше орындайтын жұмыстарын ұйымдастырудың педагогикасы мен психологиясы саласындағы зерттеулер аясында қол жеткен нақты ғылыми нәтижелердің аздығы оқу мен оқытудың бұл тәсілінің тиімділігін толық қамтамасыз ете алмай отыр десек, онда әңгіме басқа. Жоғары оқу орындарында студенттердің өздігінше орындайтын жұмыстары әзірге әркелкі формада, әркелкі деңгейде өтіп жатқаны рас. Бұл мәселені шешуді теориялық және әдіснамалық тұрғыдан қамтамасыз ету енді-енді қолға алынып отыр.

Е. Сағат. Жоғары мектепте әдебиет пәнін оқу мен оқытудың технологиялары, әдістері және олардың тиімділігі туралы ойларыңызды ортаға салсаңыз.

Ж. Дәдебайұлы. “Технология” сөзінің бірінші бөлігі “шеберлік”, ал екінші сыңары “ілім” деген ұғымды білдіреді. Басқа да ұғымдары бар. Осыған тоқтағанда, ол әдіс, шеберлікті арттыру әдістері аясындағы ұғымдардан алшақ емес. Оқу мен оқытудың әдістері бірнеше принцип бойынша топтастырылып жүр. Соған орай оқу мен оқыту әдістері де сан алуан. Мысалы, белгілі пән материалын студенттерге жеткізу (беру) және оны студенттердің қабылдау сипатына қарай оқу әдістерін индуктивті және дедуктивті, аналитикалық және синтетикалық деп жүйелеу бар. Ал белгілі пән материалдарын игеру

барысындағы студенттің өзіндік ойлау белсенділігінің сипатына қарай оқу әдістерін тағы да бірнеше топқа бөлуге тура келеді: 1) продуктивті, 2) репродуктивті; 3) ізденісті; 4) зерттеу, т.б. Бұлардан өзге оқытудың жалпы әдістері бар. Сондай-ақ пән сабақтарын жүргізудің де әдістері түрлі-түрлі.

Оқытушының еңбегі оқушының оқуына, оқығанын көңіліне тоқуына арналуы шарт. Ал қандай әдіспен оқыту тиімді – оны әр оқытушы өз тәжірибесі мен ыңғайына, оқу материалының сипатына, студенттердің жалпы дайындығының деңгейіне қарай өзі белгілейді. Бірқатар оқытушылар белгілі материалды студенттің жете игеруі үшін бір ғана әдісті пайдаланады. Қайсы бір пән маманы бұл мақсатта бірнеше тәсілді қатар қолданады, бірақ сабақ процесінде олардың әрқайсысының атқаратын ролін, мәні мен маңызын кейде дәл тани бермеуі мүмкін, соған орай әлгі тәсілдер бірін-бірі жат көргендей байланыссыз, өзара окшауланып қала береді. Оқытудың әдістері мен тәсілдерін мақсатқа, жағдайға байланысты әрдайым сатылы қатынаста немесе системалық тұтастықта пайдалану шын шебердің қолынан ғана келеді. Егерде сабақ нәтижесінде студент өзінің білім қорын, рухани әлемін байытып, адамгершілік негізін нығайтатын болса, белгілі бір практикалық мәселені шешуге машықтанып, творчестволық тұрғыдан ойлап, ой қорыта алатын болса, ізденіп, еңбектеніп тапқан білімін өзінің із өзгелердің игілігі үшін тиімді пайдалана алса, онда ол сабақ, қандай әдіспен өтсе де, бүгінгі күннің талаптарына толық жауап бере алады.

Е. Сағат. Сабақта студенттің жаңа ғылыми ақиқаттарды танып, білуі олардың өзара және басқа құбылыстармен байланыстарын аңғаруы творчестволық процесс күйінде жүзеге асуы қажет деп білесіз ғой...

Ж. Дәдебайұлы. Иә. Сабақ бір ғана оқытушының емес, оқытушы мен студенттің өзара сабақтасқан, бірлік тапқан творчествосы болып табылады. Бұл ерекше творчество өкілдерінің бірінің өзіндік ойлау белсенділігі әлсіреген не тоқыраған жағдайда, сабақ өзінің танымдық қызметінен, сапалық қасиетінен айырылады.

Е. Сағат. Сабақ үстінде болашақ әдебиет пәні маманының ойлауына творчестволық қасиет дарытуды қалайша қамтамасыз етуге болады?

Ж. Дәдебайұлы. Творчестволық ойлау қабілеті әр түрлі деңгейде әркімде-ақ болады. Жоғары мектеп аудиториясында бұл мақсатқа жету үшін студент бойында белгілі білім қоры мен қалыптасқан дағды, машықтары, сонымен қатар творчестволық ойлау қабілетінің осындай бастапқы ұрық-дәні болуы шарт.

Студенттің ойлауына творчестволық қасиет дарыту үшін, алдымен, оған ойлаудың пәнін ұсыну керек. Студент алдына белгілі бір әдеби мәселені орынды қоя білгенде ғана, оның тыныш ойына түрткі түседі: мәселені шешудің жолын іздейді, қажетті салыстыруларға,

сұрыптаулар, пайымдаулар мен талдауларға барады. Нәтижесінде белгілі бір қорытындыға, тұжырымға келеді. Студент ойлауының аталған түрлерінің қайсысы да белгілі дәрежеде творчестволық процестің нышанын танытады. Бұл орайда семинар сабақтарының нәтижелілігі жоғары деуге болады. Студенттің творчестволық ойлау қабілетін ұштай түсетін түрлі проблемалық ахуалдар жасай отырып, оларды талдау арқылы нақты ақиқаттарға жетуде, негізінен, семинар сабақтарының (семинар-диспут, семинар-конференция, дидактикалық ойын, т.б.) практикалық мүмкіншіліктері мол.

Е. Сағат. Оқу және оқыту, олардың түрлері, әдістері туралы бүгінде түрлі ойлар айтылып жүр. Оқытудан оқуға ауысу қажеттігі, оқытудың тұлғаға бағытталған болуы туралы да соны пікірлер кездеседі. Бұл мәселенің тарихы, теориясы жайында не айтар едіңіз?



Солдан оңға қарай: Ерғали, Жанғара, Зернебек

Ж. Дәдебайұлы. Иә, оқытудан оқуға ойысу, оқушының өз білімі мен білігін, оның өз ізденістері арқылы, өздігінше оқып, білімін өздігінше арттыруы туралы білім саласындағы мамандар аз айтып жүрген жоқ. Бұл идея бүгін ғана айтылып отыр деуге болмайды. Сократ, Платон, Бірінші ұстаз Аристотель, Екінші ұстаз Әбу Насыр әл-Фараби бұл жөнінде бағалы ойлар айтқан. Бергі заманда, басқаларды айтпағанда, Ы.Алтынсариннің педагогикалық көзқарастарына назар аударып көрейік. Ұстаздың: "Кел, балалар, оқылық" – деген ұрандай ұлағатты сөзінің өзінде көп сыр бар. Оқу ісі бұл жерде оқытушының жеке дара қызметі емес, оқытушы мен оқушының бірлескен еңбегі ретінде ұсынылып отыр. Бүгінде бұл ой іргелі теорияға айналып, ол жөнінде толып жатқан еңбектер жазылды. Ы.Алтынсарин енді бірде: "Оқысаңыз, балалар, шамнан шырақ жағылар", – дейді. Бұл сөзде де

терең мағына бар. Әуелгі сөзінде ғалым оқыту мен оқудың бірлігі туралы идеяны негіздесе, мына сөзінде оқу ісіне, дәлірек айтқанда, оқушының өздігінше атқаратын оқу жұмыстарына, ерекше мән береді. Екі жағдайда да оқушының жеке тұлғасына, оның мұраттары мен талаптарына, сұраныстарына ерекше назар аударылады. Қазақ ғалымының бұл идеясы да бүгінде әлемдік маңызы бар іргелі теорияға, тұтас бір ғылыми бағытқа айналып отыр. Оқу процесін ұйымдастыруда әлемнің жоғары оқу орындары қолданып отырған технология біз үшін де жат емес. Екінші жағынан, ол біз үшін жаңалық та емес. Мұның өзі Қазақстанның білім беру жүйесінің түп негізінде бүгінде бар әлем таныған іргелі теориялық қағида барын көрсетеді.

Е. Сағат. Оқу процесін ұйымдастырудың осы үлгісінің мәнін қысқаша тағы бір айтып өтсеңіз қайтеді?

Ж. Дәдебайұлы. Оқу процесін ұйымдастырудың мұндай үлгісі аясында студент пен оқытушы тұлғасы бірдей белсенді әрекет иесі болып табылады. Оқудағы мақсат студенттің жеке тұлға ретінде еркін дамумен, жетілумен тікелей сабақтасады. Бұл ретте оқу процесін студенттің өмірлік мақсат-мұраттары мен сұраныстарына, таңдауы мен қалауына сәйкес ұйымдастыруға үлкен мән беріледі.

Е. Сағат. Осы, кейінгі ойыңызды мысалдармен айқындай түссеңіз

Ж. Дәдебайұлы. Студент тірнектеп теріп алған білімін өзінің қызметінде пайдалану арқылы өмірдегі арманына, мұратына жетуді көздейді. Білімді өз өмірі, айналасы, ортасы үшін қажетті игілікке айналдыруға ұмтылады. Мысалы, әдебиет саласында маманданып жүрген студенттің таңдауына бірнеше кәсіби қызмет саласында іздену ұсынылады: а) әдебиет оқытушысы; ә) әдеби қызметкер; б) әдебиет сыншысы; в) әдебиет зерттеушісі. Студент осы салалардың бәрі бойынша іргелі білім алып, бірін немесе бірнешеуін таңдайды да, өзінің білімі мен білігін сол салалар бойынша үздіксіз жетілдіріп, дамыта береді. Әр сала бойынша белгіленген оқу пәндерін аудитория жағдайында ғана оқып қоймай, сол пәндердің мазмұнын ашып, байытатын басқа дерек көздерін оқытушыларының жетекшілігімен де, өздігінше де оқып, игеруі шарт. Егер студент өз мамандығы аясында іргелі білім ала отырып, аталған салалардың бірі бойынша білімі мен білігін барынша шыңдап, оларды іс жүзінде пайдаланудан тәжірибе жинақтап, шеберлігін арттырса, сөйтіп диплом алғанға дейін-ақ өзінің болашақ кәсіби қызметін биік талаптарға сай сапалы атқаруға дайын болып тұрса, онда оны оқытуға жұмсаған шығыс та, уақыт та босқа кетпегені. Жанға – сая, жүрекке – жылу, ақылға азық болатын білімді студент осылай игереді. Әлемдік еңбек рыногындағы тайталаста бәсекелестік қабілеті жоғары маман да осылай қалыптасады.

Е. Сағат. Лекция, семинар сабақтары жалпы курсқа не тұтас бір топқа жүргізіледі. Сабақ студенттердің бәріне ортақ. Бірақ дайындығы, қабілеті жағынан студенттердің бәрі бірдей емес. Тіпті бірі-бірінен айырғысыз екі студентті де табу қиын. Сабақ жалпы курсқа, тұтас топқа арналған жағдайда әрбір студенттің, әрбір болашақ маманның бойында бұғып жатқан танымдық әлуетін, кретивтік ойлау дағдыларын жетілдірудің, кәсіптік, творчестволық, азаматтық кемелденуін жоғары сапалық сатыда қамтамасыз етудің мүмкіншілігі қандай болады?

Ж. Дәдебайұлы. Әр студенттің парасат деңгейі әр түрлі. Мінез-құлқы да дара. Негізгі сапалық қасиеттерінің сипаттарына қарай әр студенттің психикасының жай-күйі де басқа-басқа. Соған орай оның белгілі құбылысты, оқу материалын игеру мүмкіншілігі де түрліше деңгейде екендігі рас. Аудиторияның мұндай ерекшелігі оқытушыдан оқытудың дидактикалық заңдылықтары мен принциптерін шебер үйлестіріп пайдалануды талап етеді. Бұлай дегенде, алдымен, сабақты дайындау мен ұйымдастырудың, өткізудің тәртіптерін ескеріп отырмыз. Әрбір сабақ белгілі мақсатты көздейді. Оның өзінің танымдық, тәрбиелік, кәсіптік бағыттары бар. Әр сабақ нақты мазмұнға ие. Әр сабақ тиісті дидактикалық міндеттерді шешуді талап етеді. Әрбір сабақ оқытудың неғұрлым тиімді әдістері мен тәсілдерін, таңдаулы технологиясын таңдай білуді қажет етеді. Әрбір сабақтың өз структурасы, лайықты композициялық жүйесі болады, т.б. Бұларды өзара системалық бірлікте сабақтастыра отырып, нақты дидактикалық принципті жүзеге асыруда аудиторияның жалпы және жалқы сипаттағы ерекшеліктерін негізге алған тұста, сабақтың толық нәтижелілігіне қол жеткізуге мүмкіндік туады. Оның бер жағында біз өз тәжірибемізде семинар (практикалық) сабақтарында студенттердің санын мүмкіндігінше азайтуға барып жүрміз. Ондағы көздеп отырғанымыз оқытушының студенттермен жүргізетін оқу жұмыстарының жалпылық сипатынан гөрі жалқы, жекелік сипатын арттыру. Ал студенттердің өздігінше орындайтын жұмысы оқытушының әр студентпен жеке жұмыс жүргізуінің қазіргі тұстағы ең басты және тиімді жолы болып отыр. Студенттің өз бетінше білімін шыңдап, біліктілін артыруға және оларды кәсіби қызметінде тиімді, шебер пайдалануға дағдылануы үшін мұның маңызы үлкен. Лекция, семинар және студенттердің оқытушы қадағалауымен орындайтын өздік жұмыстарының технологиялық тұрғыда өзара дұрыс үйлестірілуі оқу-тәрбие жұмысын межелі биікке алып шыға алады, ол анық.

Е. Сағат. Студенттердің оқу, өзіндік іздену жұмыстарының, творчестволық ойлау қызметінің нәтижелері баяндама, эссе, реферат, курс жұмысы, диплом жұмысы ретінде қабылданып және бағаланып

келе жатқаны белгілі. Біздің студент кезімізде де осылай болған. Студенттердің оқуға ынтасын күшейтіп, творчестволық белсенділігін арттыру мақсатында олардың ойлау қызметінің жоғарыда аталған нақты нәтижелерін (баяндама, эссе, реферат, курс жұмысы, диплом жұмысы, магистрлік диссертация) тану мен бағалаудың дәстүрлі аясын кеңейтуге болмас па екен?

Ж. Дәдебайұлы. Теория мен практиканың байланысын қамтамасыз етудің маңыздылығын көрсете отырып, оның өзі ғалымдар мен оқытушылардың жұмысының өзекті принципі болып табылатындығын айту керек. Жоғары мектептегі жаңару мен жаңғырудың негізгі бағыттары жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларда бұл жайға ерекше көңіл бөлініп отыр. Олай болса, әрине, студенттің теориялық білімі мен практикалық дағдыларын тығыз ұштастырудың маңыздылығында сөз жоқ. Студенттердің педагогикалық, оқу-өндірістік, ғылыми өндірістік практикалары осы мақсатты көздейді. Студенттер өздерінің теориялық білімдері мен ойлау қызметінің нақты нәтижелерін осы бағыттарда іс жүзінде

сарапқа салып, пайдалана алады. Оның үстіне университет аудиториясында жүретін сабақтарда да студенттер белгілі білім қорын игеріп қана қоймайды, сол алған білімін нақты практикалық мәселелерді шешуге жұмсайды. Сонымен қатар оқытушы ұйымдастыра алған жағдайда, таңдаулы семинар сабақтарының материалдарын радио, теледидар арқылы, газет пен журнал беттерінде көпшілік назарына ұсынуға да болады. Мұның өзі студент жұмысын тану ия бағалау ғана емес, оны өндіріске енгізу, көпшіліктің қажетіне жарату деген сөз. Студент еңбегінің нәтижесін насихаттау дегеніңіз де осы. Креативті білім дегеніңіз де осы. Бұл, әрине, болашақ маманның творчестволық ойлау белсенділігін, жаңаша ойлау қабілетін, кәсіби біліктілігін өлшеусіз арттыруға жол ашады.

Е. Сағат. Университетте әдебиет пәні бойынша өтетін семинардың нақты бір құрылымдық үлгісін сипаттап берсеңіз, біздің оқырмандарымызға ұғынықты болар еді...

Ж. Дәдебайұлы. Оның мәнісі маманның кәсіби қызметін үлгі деңгейінде атқаруға байланысты айқындалады. Семинарды оқытушы ретінде студент жүргізеді. Сабақта студенттердің бірі әдебиет сыншысы ретінде белгілі бір автордың белгілі бір шығармасы туралы өз пікірін білдіреді. Бірнеше студент оның пікіріне алдынала белгіленген талаптар, өлшемдер негізінде сыншылдық тұрғыдан баға береді. Студенттердің келесі тобы “әдебиет сыншысын” қорғап пікір білдіреді. Осылайша пікірталас басталады. Әр студент, әр топ өз пікірінің негізді, дәлелді, қисынды болуына күш салады. Пікір сайысқа түскен тараптар өзара ортақ пікірге келе алмаса, онда оларға

тәуелсіз сарапшы ретінде студенттердің келесі тобы билік айтады. Семинарды, оны жүргізіп отырған студент қорытындылайды. Соңында оқытушы студенттердің білімі мен білігіне өз көзқарасын білдіреді, семинардың сапасына баға береді.

Семинар сабағының бір үлгісі осындай. Бұл процеске кітап авторын, кәсіби әдебиет сыншысын, басқа мамандарды қатыстыруға болады.

Е. Сағат. Осындай семинарлардың хатқа түскен немесе таспаға басылған үлгілері жоқ па?

Ж. Дәдебайұлы. Бар. Әдебиет пәндерінің қайсыбірінің барлық семинарларының материалдары магнитті таспаға жазылған. Үлкен бір кітап болып баспадан шықты. Бейнетаспаға жазылған үлгілері де бар. Аудиториядағы сабақты бейнетаспаға жазып алу, сөйтіп оны студенттер мен аспиранттардың, ізденушілердің пайдалануына ұсыну ісі дұрыс бағытта дамып келеді. Телеокулықтардың, телелекциялардың тиімділігі студенттердің өздігінше орындайтын оқу жұмыстарын ұйымдастыруда өте жоғары. Екінші жағынан, теледидарға қосымша тетіктер жалғау арқылы компьютерлік желі жүйесінің мүмкіншіліктерін толық пайдалануға болады. Осының бәрі университетте мультимедиялық ортаның қалыптасуына негіз болмақ. Оқу пәндері бойынша бейнелекция дайындау оңай іс емес. Оның толып жатқан қиын қырлары бар. Бейнелекция жасауда қажетті архив материалдарын, кинофильмдердің фрагменттерін, тиісті кестелер мен бейнелер, диаграммалар қатарын, компьютерлік технология мүмкіншіліктерін, қолдану оқытушылардан, мамандардан, жан-жақты және үзіліссіз ізденуді, жалықпай, жатпай-тұрмай, еңбектенуді талап етеді.

Е. Сағат. Иә, қиыны рас. Әйтсе де бұл бір ғажап іс екен. Оқу процесінде телевизиялық, кинематографиялық және компьютерлік технологияларды пайдалану арқылы кезкелген тақырыпты, кезкелген пәннің мазмұнын көзге көрсетіп, құлаққа сіңіріп, барынша ұғымды, көкейге қонымды етіп жеткізуге болады деп ойлаймын. Өзім журналист болған соң, бұл жағынан біраз хабардармын.

Студенттің білімді, еңбек рыногындағы бәсекелестікте ешкімге есе жібермейтіндей білікті болып шығуы, көп жағдайда, жоғары оқу орындарында сапалы білім алу үшін қажетті осындай жағдайдың болуына тәуелді. Өзіміз білім алған Қазақ ұлттық университетінде сапалы білім алуға қажетті жағдайлардың бәрі жасалған деуге болады. Әсіресе, білім берудің коммуникациялық ақпараттық технологиялардың соны жетістіктерімен қамтамасыз етілу деңгейін өз көзіммен көріп, таң қалдым әрі туған университетіміз үшін мақтандым. Бұл менің бір барғанда өз көзіммен көргенім ғана. Баспа бар, радиостудия бар, телестудия бар, газет бар. Төр интернет залы бар. Он үш факультеттің әрқайсысында төрт-төрттен компьютерлік оқу

кластары бар. Маған белгілі болғаны – осындай байлықтарымыз бар. Басқа да қыруар жетістіктер бар болар. Солардың қатарында бір жайды анықтап алғым келеді: Телекоммуникациялық технология оқу сапасын арттыру ісінде қаншалықты деңгейде пайдаланылады?

Ж. Дәдебайұлы. Туған университетіңіздің жетістіктеріне қуанып жүргеніңізге өзім іштей тебіреніп отырмын. Сіздің қуанышыңыз университет түлектерінің бәріне ортақ қой деп ойлаймын.

Телекоммуникациялық технология университеттің оқу ісінің сапасын арттыруда кеңінен қолданылады. Бұған қажетті ішкі және сыртқы байланыс желілері үзіліссіз жұмыс істейді. Университет әлемнің іргелі білім және ғылым орталықтарымен байланыс жасап, тікелей телеконференция, семинар жүргізе алады. Оған, әрине, студенттерде қатысады. Университет ұстаздары жасаған телеоқулықтар, телелекциялар, видеооқулықтар да аз емес: оқу жоспарларындағы оқу пәндерінің 30 пайыздан астамы осындай оқулықтармен, телелекциялармен қосымша қамтамасыз етілген. ҚазҰУ қалашығы аясында студенттер оларды ішкі байланыс желілері арқылы да, басқа телекоммуникациялық жолмен де пайдалана алады. Қажет жағдайда, ірі ғалымдардың лекцияларын интернет желісі арқылы республиканың кез келген жоғары оқу орнының студенттеріне ұсынуға болады. Ол үшін жоғары оқу орны университеттің телекоммуникациялық желісі арқылы ақпарат қабылдауға қабілетті болуы шарт.

Е. Сағат. Университеттің ғылым мен білім, тәрбие саласындағы рухани байлығын студенттер ғана пайдаланып қоймай, тұтас қоғам, жалпы әлеумет игілігіне тұтынар болса, нұр үстіне нұр емес пе. Бұған қалай қарайсыз?

Ж. Дәдебайұлы. Университеттің білім мен ғылым, тәрбие саласындағы рухани байлығын қоғам, әлеумет игілігіне ұсынуға аз жұмыс жасалып жатқан жоқ. Қоғамның дамуына жүйелі түрде ықпал етуге университет Стратегиясында арнайы мән берілген. Соған сәйкес университет ғалымдары білім мен ғылым, тәрбие мен тәлім саласында қол жеткізген жетістіктерін бұқаралық ақпарат құралдары арқылы көпшілікке ұсынуға.

Е. Сағат Оныңыз рас. Әйтсе де университеттің телекоммуникациялық технологиясының мүмкіншіліктерін пайдалана отырып, барша әлеуметтің, соның ішінде ауылдың рухани сұраныстарын қанағаттандыру жолындағы жетістіктер хақында білгім келеді.

Ж. Дәдебайұлы. Университеттің ақпараттық және телекоммуникациялық технологиясының мүмкіншіліктері мол. Бірақ ол арқылы ақпарат қабылдауға ауылдың да тиісті мүмкіншілігі болуы керек.

Университеттің рухани байлық қорын ауылдың, тұтас қоғамның игілігіне айналдыру – университет Стратегиясының басты бағыттарының бірі. Бұл мәселе университет ректорының тікелей бақылауында. Атқарылып жатқан істер аз емес. Атқаратын шаралар да көп. Солардың ішінде телекоммуникациялық оқу орталығын ашу туралы ой бар.

Е. Сағат. Менің білуімше, әлемдегі телекомпаниялардың қайсыбіреулері белгілі бір білім бағдарламасының пәндері бойынша оқулық, оқу құралы ретінде бейнефильмдер, кинофильмдер жасайды. Өздері білім беру қызметімен айналыспайды. Бір жоғары оқу орындары мұндай оқу фильмдерін жасамайды, бірақ студенттерін басқалар жасаған оқу фильмдері негізінде оқытады. Оларға қарағанда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің мүмкіншіліктері әлдеқайда жоғары деп санаймын. Басқа жақтан шығармашылық топ, автор, маман іздеуге қажеттілік жоқ. Осыншама рухани байлық пен мүмкіншіліктерді бүкілхалықтық масштабта пайдалануға қалай қол жеткізуге болады деп ойлайсыз?

Ж. Дәдебайұлы. Сіздің бұл мәселеге қайта оралып соғуыңызда үлкен мән бар болар деп ойлаймын. Университетте студенттерге сапалы білім беруге қажетті жағдайлар жасалған. Олар жақсару, жетілу үстінде. Енді университет аудиториясында оқылған лекцияларды, бар халыққа неге жеткізбейміз деп толғануыңыздың еш артықшылығы жоқ. Сіздің талабыңыздың, ұсынысыңыздың әлеумет қамын ойлаудан туып отырғанын да аңғарамын. Бұл мәселені дәл қазір шеше қою оңай емес. Университеттің студенттер үшін жасаған телеоқулықтары мен бейнеоқулықтарын, бейнелекцияларын жалпы халыққа жерсерік желісі немесе бір каналды көп бағдарламалы телекоммуникациялық желі негізінде жеткізуге болар еді. Бұл бағытта едәуір іс-шаралар жасалды. Жобадағы жұмыс көлемі жуықта толық игерілетін болады деген үмітіміз бар. Сонда өзіңіздің көңіліңіздегі рухани байлықтарымызды еліміздің кезкелген аймағына бірнеше желі, бірнеше бағдарлама бойынша ұсынуға мүмкіншілік туады.

Е. Сағат. Іске сәт. Адам өзін өзі тануы, өзін-өзі білуі қажет. Жоғары мектеп студенттің осы деңгейге дейін көтеріліп, адам ретінде, маман ретінде қалыптасуына жағдай жасауға тиіс. Сонда ғана адам өмірде өзіне қажетті игіліктерді өзі жасап, дегеніне жете алады. Жаңылыспасам, осындай ойды көне грек тарихшысы Ксенофонт та айтқан екен. Білім алушының саналы танымдық белсенділігі мен дербестілігінің маңыздылығына Сократ та ерекше мән беріпті. Өмірде дұрыс жолға түсіп, аңсаған арманына, көздеген мұратына жету үшін, адам өзіне қажет білімді өзі іздеп, өзінен табуы шарт екендігіне Платон да көз жеткізген көрінеді. Бірінші ұстаз Аритотель, Екінші

ұстаз Әбу Насыр әл-Фараби өмір бойы білім іздеді: өз бетімен оқып, білімін өздігінше және өзі шыңдады. Әдебиетші де осы бағытта еңбек еткен, еңбек етуде, еңбек ете береді. Өздігінше оқып, білімін байытуды тоқтатқан күні оның өзі де әдебиетші ретінде тоқырауға тап болады. Сондықтан кісі өмір бойы оқуы керек, өзі оқып, өміріне қажет білімді өзі іздеп табуы шарт. Білім беру қызметін атқаратын мекеме осыған қажетті жағдайды толық жасауға міндетті. Бұған Мемлекеттік бағдарламада үлкен мән берілген. Сіздің әңгімеңізден бір түсінгенім осы болды. Мұным дұрыс па өзі?

Ж. Дәдебайұлы. Дұрыс.



Солдан оңға қарай: Жанғара, Ергали

Е. Сағат. Өмірде кездесетін қиын, қилы жағдайларда қысылмау, абдырамау, жүрегінің түбіне терең байлап, ақылмен іс қылу, әр нәрсенің орайын келтіру, оңтайын табу, қандай тайғақ кешуден таймай, дегеніне жету тұлғаның креативтік қасиеттері қатарына жатады. Ой ойлауда, іс істеуде, кәсіптік қызметте, жалпы тіршілікте мұндай кісілік қасиеттердің жөні бөлек. Оларды қалыптастыратын, дамытатын, игілікке айналдыратын күш оқытушы мен оқушының шығармашылық белсенді еңбегіне негізделеді. Мемлекеттік бағдарламада жастардың бойына осындай қасиеттерді дарыту көзделеді. Оның маңызы зор. Әңгіме желісінен осындай пікір түюге болады екен.

Ж. Дәдебайұлы. Мұныңыз да дұрыс.

Е. Сағат Әңгімемізді әдебиетті оқытудан бастап едік. Одан кейінгі ойларымыз да сол бағытта өрбіді. Әдебиетті оқу мен оқытудың мәні туралы ойларыңызды жинақтап айту қажет болса, не дер едіңіз?

Ж. Дәдебайұлы. Ертеде жасаған даналар: “Адам бойындағы күллі қасиет – күннің нұры мен ананың сүтінен...” – дейді екен. Әдебиет – сол күннің нұры мен ананың сүті туралы пән. Олай болса әдебиет сабағынан, оны оқу мен оқытудан, адамды әдебиет арқылы күннің нұрындай тазартып, ананың сүтіндей ағартудан ардақты іс жоқ. Әдебиет пәнін оқу мен оқытудың қоғамдық-әлеуметтік маңызы мен мәні осында болар деп шамалаймын.

Е. Сағат. Біздің сұхбатымыздың бағыты мен бағдары білім болып қала береді. Келесі сұхбатымызды ұстазға арнасақ деген ойым бар.

Ж. Дәдебайұлы. Жөн.

Е. Сағат Олай болса, келесі сұхбатымызда менің ұстазым, Сіздің туған ұстазыңыз академик-жазушы, профессор Зейнолла Қабдолов ағамыздың ұлағаты туралы әңгімелессек. Ұстаздың өзі қатты науқастанып қалған екен, құдай амандық берсін.

Ж. Дәдебайұлы. Құдай қуат берсін ұстазға.

Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2004, №12. – Б. 118-120.



ҚЫМБАТ ҚАЗЫНА



3. Шілдебайұлы. Өмірде адамның тынық көңілін терең толқытып, тебіреністі күйге түсіретін неше алуан аяулы оқиғалар болады емес пе. Әсіресе, бала кезде әдемі әсерімен жүректе сақталып қалған өмір құбылыстарының тағылымы аса зор бола ма деймін...



Ж. Дәдебайұлы. Бала-лықтың аты – балалық. М. Мақатаев: «Сәби болғым келеді, сәби болғым», -деп тебіренді емес пе. Бұл – ақынның белгілі бір шақтағы көңіл күйі. Сәби үшін бесіктен жайлы, одан кең дүние жоқ. Ер жеткен соң, адамға жер-жаһанның өзі тарлық етуі мүмкін. Ақын осы шындықты өзінің

көңілі түскен қырынан көрсеткен. Бұл сезімді адамдардың бәрі де дұрыс қабылдайды деп ойлаймын. Балалық шағын сүймейтін кісіні кездестіру мүмкін емес. Бала кезімізді, балалық шағымызды сүйгенде, сол кезіміздің жақсылығын, сол шағымыздың тазалығын сүйетін болуымыз керек. Менің де бала кезім ата-анамның бауырында, жақындарымның, туыскандарымның ортасында өтті. Ата-анамның мәпелеп өсіруі, мейірімі менің жүрегімді жақсылыққа, тазалыққа тәрбиеледі. Қазіргі кісілігімнің негізінде жақсы қасиет болса, ол менің жүрегіме ата-анамнан, ата-анамның тәрбиесі арқылы дарыды ғой деп ойлаймын.

3. Шілдебайұлы. Бала кезде ой мен сезімге қатты әсер еткен айырықша ізгіліктер мен игіліктер кісінің азамат болып қалыптасуына үлкен ықпалын тигізеді. Балалық әлемінің ғибраты кісінің бүкіл ғұмырында ұмытылмайды екен ғой.

Ж. Дәдебайұлы. Оны ұмыту мүмкін емес. Бала кезімнен ойымда өшпестей із қалдырған сабақтар аз емес. Әкем кезінде Адам ата атаныпты, кейін кубас атаныпты. Биік-биікке шығып, аңырап жылап, құдайдан жанына қара болар перзент сұрайды екен. Ақыры, құдай тілегін беріпті. Ақырын жүріп, анық басты. Асып-таспады. Сабырлы қалпынан жазбады. Кісіге қолынан келген көмегін аямайтын. Ауыл кісілері бас қосқанда, ғибрат-әңгімелер айтушы еді. Мен он жасқа келгенде, қайтыс болды.

3. Шілдебайұлы. Сол әңгімелердің бірін баяндап берсеңіз қайтер еді?

Ж. Дәдебайұлы. Сол әңгімелердің бірін айтайын. Бұл – менің бала кезімде естіген әңгімем. Ауыл қариялары оны қанағат жайлы ұғыммен байланыстыратын. Бір елде, бір ауылда екі адам көрші тұрыпты. Екеуі де жүзім бақшаларын өсіріпті. Біреуінің бақшасы құрма ағаштарымен қоршалып, екі ортасынан бұлақ ағыпты. Бұлақтың айналасы жұпар иісті көкмайса болыпты. Бақша жемістерін мол береді. Басқа да табыстар бұлақтай ағып келіп жатады. Бұл адам Құдайдың жұмағында жүргендей болады. Көршісі ондай емес. Оның бақшасы күйсіз екен. Бір күні әлгі байлығы тасыған адам көршісіне байлықтарын, бақшаларын, көрсетіп:

– Міне, көрдің бе, менің байлығым сенің байлығыңнан қанша артық. Мұндай байлық бұл өлкеде менен басқа ешкімде жоқ. Менің мына мал-жанымды көрдің бе? Менің мал-жаным сенің мал-жаныңнан әлдеқайда асық. Бұл ауылда менен мал-жаны артық кісі бар ма? Жоқ. Сондықтан мен отырған жерде отырма, өзінді менімен теңестіргенінді қой, – дейді.

Екінші кісі мал-жаны көп көршісіне өз түсінігін айтады:

– Қой, тасыма! Байлық – қолдың кірі. Жусаң, кетіп қалады.

Дәулеті тасыған кісі көршісінің сөзін қанағат тұтпайды:

– Қолымда тұрған байлығым қолымды жусам кетіп қалады деп еш ойламаймын. Сен не болса, соны айтады екенсің.

– Немене, осы байлығыңды о дүниеге алып кетесің бе? Қиямет күні не болатынына көзің жетіп тұр ма? – деп, көршісі мұны ақылға шақырады. Бірақ байлықтың буына піскен адам былай деп сөйлейді:

– Қияметтің болатынын ойлап тұрған мен жоқ. О дүниеде бұдан да жақсы жайда боламын. Ал сен о дүниеде де осы күйінде жүресің.

Осылай әңгімелеп келіп, қария өзінше қорытынды жасар еді:

– Әлгі кісіге мал мен бастың байлығын Құдай беріп еді. Бірақ ол қолындағы байлығын Құдайдың бергені деп есептемеді. Көршісінің байлығы мен мал-басының өзінікінен аздығы да Құдайдың ісі екені туралы ойына алмады. Қолында барын қанағат тұтпады, асқақтады, көршісіне сомсынып, астамдық жасады, Құдайға шүкіршілік етпеді. Ақырында, байлығы желге ұшты. Бақшасын құм басты. Өзі қаңғырып қалды.

Осы әңгіме есімде қалып қойыпты. Бүгінде осы әңгімедегі адамдық ғибрат ұстанымын құрметтей отырып, шүкіршілік етуді кісіліктің басты белгісі ме деймін. Кісінің бойындағы асыл қасиеттердің алды да осы ма деп ойлаймын. Бұл адам табиғатының ерекше аяулы күйі секілді.

З. Шілдебайұлы. Осы күйдің негізін тануда үлкен мән бар-ау.

Ж. Дәдебайұлы. Шүкіршілік ету – кісі бойындағы имандылықтан. Имандылықтың тірегі – қанағат пен рақым. Менің пікірім осындай. Қанағат, рақым, имандылық туралы әкем мен әкемнің тұтастары айтқан әңгімелер әлі есімде. Жарықтықтар бас қоса қалғанда, ескі әдептерге байланыстырып, қанағат пен қанағатсыздық, жақсылық пен жамандық арасы туралы әңгімелерін неше түрлі хикаялармен, мысалдармен байытып отыратын. Жалпы, біздің ауылдың ақсақалдарының бәрі де абзал, көпті көрген, әңгімешіл кісілер еді. Сол әңгімелердің өзегіндегі қанағат жайындағы ұғымның қаншалықты құнды екеніне өмірде өзімнің көргендерім мен көңілге түйгендерім арқылы көз жеткіздім. Кісіні түрлі бәлеге ұшырататын – асқақтаушылық. “Жаманның көңілі көкте, жерде басы...” – деп, бір ғасыр жасаған Жамбыл жырау бекер айтпаған ғой. Қандай шыншыл, ақиқат ой.

З. Шілдебайұлы. Шүкіршілігі жоқ кісінің асқақтауы болатыны жайындағы ойыңыздың тамыры өте тереңде сияқты. Сол тереңнің тегінде шымырлап қайнап жатқан шындық қайнары бар ма деймін. Сіздің шындықты, әділдікті ардақ тұтатын туралығыңызды өз басым ерекше құрметтеймін.

Ж. Дәдебайұлы. Шындықты, әділдікті ардақ тұтатыным рас. Ардақ тұтып қоя қойсаң, бір басқа ғой. Бірақ шындықты, әділдікті жанымызды салып, шырылдап қорғамасақ, ол үшін, қажет жерінде, білегімізді сыбанып, күреске шықпасақ, оны ардақтағанымыздан не пайда. Сіз бен біздің өмірде шындықтың шырыл қағып, әділет сұрағанына да, пана іздегеніне де талай көзіміз жеткен жағдайымыз бар емес пе. Ондайда менің де байыз тауып отыра алмайтыным рас. Шындықтың туын көтеріп, шындықтың сөзін айтудан Сіздің де жалтарған жеріңіз жоқ. Өмірдегі басты ұстаным – шындықты айту, шындықты қорғау, әділдікті қолдау. «Турасын айтқан туғанына жақпайды», – дейді халық. Шындықты айтамын, әділдікті қолдаймын

деп жүріп, туғаныңа да, тумағаныңа да жақпауың мүмкін. Бірақ шындық пен әділдік туғаныңнан да, тумағаныңнан да үлкен.

З. Шілдебайұлы. Шындық, шындықты айту, әділдікті қорғау туралы өзіңізден талай естідік. Ісіңізден де соны көреміз. Әділдіктің, әділеттіліктің сөз бен істегі ақиқат екендігін Сіздің шығармашылық қызметіңіздің нәтижелерінен аңғарып жүрміз. Ізгіліктің, жақсылықтың шындықтан, әділеттіліктен шығатынын да аңғартып келесіз. Бұл орайдағы ойларыңыздың өзінде бай мағына, терең мазмұн бар. Мұның өзі көргеніңіз бен көңілге тоқығаныңыздың көптігіне, өмірлік тәжірибеңіздің молдығына да байланысты болар.

Ж. Дәдебайұлы. Кісі қандай ұғымды да өзінің өмірлік тәжірибесі, ойлау даралығы негізінде жете түсіне алады. Мысалы, мен мына бір сөзді ойымнан шығармауға күш саламын: «Жамандық жасамаудың өзі – жақсылық». Кісі кісіге тек жақсылық жасауға талпынып тұрса, өмір деген қандай сәулетті, салтанаты болар еді. Ал енді кісінің кісіге қиянат жасамауы, әлі келгенше жақсылық жасауға талпынуы соншалықты қиын ба? Сол үшін не жетпейді? Ол үшін кісіге не керек?



Оңнан солға қарай: Жанғара, Ерғали, Зернебек

36 **З. Шілдебайұлы.** Меніңше, кісілік керек.
Ж. Дәдебайұлы. Дұрыс.

З. Шілдебайұлы. Адамның жаратылысы өте күрделі. Кейде біреу басқа біреуге қараптан қарап тұрып соқтығады. Жаңағы өзіңіз баян еткен әңгімедегі бай секілді. Асылы адам жаман болайын деп жаман болмайды-ау. Табиғатында, негізінде жақсылық таппаған, ақыл шырағы жанбаған жан ғана жамандыққа бейім тұра ма деймін.

Ж. Дәдебайұлы. Бұл өзі – өте күрделі, көп қырлы мәселе. Оны бір әңгіме үстінде анықтап, шешіп тастау қиын. Бұл жай бізге дейінгі талай ұрпақ өкілдерін ойландырған, талайды толғандырған. Абайдың мына сөзіне көңіл аударайық:

Күшік асырап, ит еттім,
Ол балтырымды қанатты.
Біреуге мылтық үйреттім,
Ол мерген болды, мені атты.

Қандай сөз. Абай айтып отырған ит пен мерген аз ба қазір? Мысалы, біреулерді үйреттік, жеткіздік. Енді бір тұста сол өзіміз жеткізген пенде етектен алып, жағаға жармасты, жүрегіңе оқ атты. Мен жалпылап, мысалдап айтып отырмын. Мұндайлар әркімнің де өмір жолында болған, бар. Сәл ыңғайы келсе, балтырдан тістеуге дайын әлгіндей ит жүр, қарауылына дөп келсек, мылтығының шүреппесін басып қалуға дайын әлгіндей мерген де жүр. Бірақ өмірде ит пен мерген жүр екен деп, ақиқаттан таяуға болмайды. Өмірдің ажарын келтіріп, жарығын жағатын – кісінің кісілігі.

З. Шілдебайұлы. Жақсы айттыңыз. Адам болу, толық адам болу оңай емес. Кісілігі жоққа иттік иелік етеді, имансызды эзезіл иектейді. «Алтын көрсе, періште жолдан таяды», - деген сөз де бар. Мұны періште айтпаса керек. Ал адам айтса, оның бір есебі болғаны ғой. Солардың ниетін бұзып, кісіліктен алыстататын қандай күш болуы мүмкін?

Ж. Дәдебайұлы. «Дүние – көздің құрты», – деген бар емес пе. «Алтын көрсе, періште жолдан таяды», – дегенді айтқан да адам, періште емес. Бұл жерде адамның табиғатындағы тойымсыздық туралы ойдың ұштығы көрініп тұр. Шындығында, бұл сөзде адамның дүние құмарлығын ақтау жоқ, дүниеге тойым жоқтығы жайлы ескерту жатыр. Адам өзіне-өзі осындай ескерту жасайды да, сол ескертуін есте ұстауға келгенде, қайрат көрсете алмай қалады. Содан түстік өмірі болса, кештік мал жиып жанталасады. Мал-жаны көбейген сайын көкірегі өседі, адамға, одан соң аллаға астамшылық жасай бастайды. Ата-бабаларымыз айтқан ғой: «Дүние – боқ, оны қуған – ит», - деп. Кісі кісілігін осылай жоғалтып, иттікті осылай таба ма деймін.

З. Шілдебайұлы. Адамның адам болып жүруі, иттіктен аман қалуы үшін қорған болар құдірет-күш оның бойынан табылар ма екен?

Ж. Дәдебайұлы. Тіршілікте адамнан биік, адамнан кемел жаратылыс жоқ. Білуге құмарту – адам табиғатына туа біткен қасиеттердің бірі. Жалпы, адам бойына қандай да бір асыл қасиетті сырттан алып келіп егу мүмкін емес. Өмірде асыл деген қасиеттердің бәрінің де ұрық-дәні адам жаратылысында, азды-көпті, әуелден бар. Адам болып қалу, иттікке бармау үшін, кісіге қорған болар құдірет-күш білімде. Он жыл, одан соң бес жыл оқып алған білімді де білім дейміз. Орта мектепте, одан кейін жоғары оқу орнында алған білім бір адамның ғұмырына аздық етпейді деген пікір бүгінгі күннің талаптарына жауап бере алмайды. Кісінің тиісті стандарттарға сай биыл алған білімінің бес жылдан кейін де оған барынша пайдалы болуы күмәнді. Өмірде адам болып қалғысы келген жан өміріне қажетті білімді өмір бойы іздейді. Кәсіби білім ғана емес, адамдық, адамгершілік білімі туралы да айтып отырмын. Бірақ бұл ізденіс ерікті, адамның өзінің сұранысынан, қажеттілігінен тууы керек. Сонда ғана білім кісінің көңілін де, өмірін де жарық қылады. Меніңше, адамдықтың басты белгісі осында. Ақыл сарайына адамгершілік білім жарығы түспеген, көңілі қараңғы жанның өмірі де қараңғы.

3. Шілдебайұлы. Білімді болған жақсы. Әрине, кісі білгенін өз игілігіне пайдалана алмаса, оны білімді деу орынсыз. Мысалы, машина айдап келе жатқан біреу өзеннен өткізетін көпірдің бел ағашы сынып, тіреуі құлап қалғанын көрді делік. Бел ағашы сынған, тіреуі құлаған көпір машинаны көтеріп өткізе алмайды. Жүргізуші осыны біле тұра тоқтамады, барар жеріне ертерек жеткісі келіп, асықты. Сөйтіп, көпірден өтемін деп суға құлады. Білімді игілікке пайдаланбау деген осындай болар деп ойлаймын.

Айтылған жайдан мынадай ойға қаламын: біреу білімін игілікке, оң жолға жұмсайды; біреу білімін теріс жолға жұмсайды. Бірақ тәңірі берген ақыл білім мен ғылым қуатымен нұрланып, ұдайы жақсылыққа ұмтылғанда ғана кісілік туралы айтуға болатын сияқты. Бар игіліктің негізі ақылдың осындай қызметінде жатқан жоқ па екен...

Ж. Дәдебайұлы. Ақылдың толықтығы – адамшылықтың басты негізі. Адамшылық негізі жоқ адамға берген білім ақылы толмаған жас баланың қолына берген суық қару секілді: не өзін мерт етеді, не өзгені мерт қылады, жоқ дегенде, не тәнге, не жанға жара салады. Білім – адамгершілікке, адамгершілік білімге негізделуі шарт. Білім жоқ жерде адамгершілік те болмақ емес. Адамгершілік білімнен артта қалған жағдайда, білім адам үшін де, қоғам үшін де қатерлі болуы мүмкін. Адамның өмірлік игілігіне, адамгершілік жолындағы сұраныстарын қанағаттандыруға, қоғамдағы орнын табуына қызмет етпеген білімде сапа да, опа да жоқ. Ақылды, удай пысық, бірақ адамгершілік негізі жоқ, сондай-ақ ақылсыз, адамгершіліксіз адамдар

дан аулақ жүрген дұрыс. Жолдасың ақылды және адал, адамгершілікті болса, алдың да, айналаң да келісті.

3. Шілдебайұлы. Адамгершілік жолына түсіп, өміріне қажет игілікті, білім мен ғылымды сол жолдан ақылмен іздеп тапқан кісіде даналық пайым болатын шығар. Меніңше, мұндай құндылыққа баға жетпейді. Адамның байлығы деген де осындай болар?

Ж. Дәдебайұлы. Байлық, бай болу жаман нәрсе емес. Адалдан жиналған байлыққа үлкен құрметпен қарау керек. Адал еңбекпен таппай, ұрлықпен тапқан байлықта жақсылық болмайды. Байлық туралы көзқарасын халық өте ертеде-ақ: «Басты байлық – денсаулық», - деп терең толғап айтқан. Ден саулығы жоқ жанға байлықтың да керегі жоқ. «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы», - деген халық қандай данышпан. Осында халықтың өмірдің мәні жайындағы философиялық көзқарасы, дүниетанымы, адамгершілік биік тұрғысы жарқырап көрініп тұрған жоқ па?! Халыққа осындай таным берген өмір қандай дана, қандай жомарт... Өмірде неше түрлі адам болады. Адам өмірі, ғаламдық көзбен қарағанда, қас қағымдай ғана. Сол өмірін әркім әр түрлі жолмен жүріп тауысады. Мал үшін жанын бергендер, дүние үшін арын сатқандар әр кезде болған. Жанағы даналық сөзді халық даналары тірліктегі осындай олқылықтардың орнын толтыру мақсатында айтқан болу керек. Асылы, адамның өмірлік асыл құндылықтарының негізі ақылының байлығында, адамгершілік негізінің беріктігінде, білімінің тереңдігінде.

3. Шілдебайұлы. Дүние байлығы туралы халықтың қанатты сөздері көп. Бірақ кісінің көзі тоймайды емес пе?

Ж. Дәдебайұлы. Бұрынғылардың айтуынша, адамның өзі қартайса да, жүрегі екі нәрсеге жас баладай талпынып тұрады екен: а) ұзақ жасауға; ә) дүние табуға. Пайғамбарымыздың бір хадисінде осындай ой ілгеріде-ақ айтылса керек. Егер Алла тағала адамды осылай жаратқан болса, онда оның ұзақ жасауға, дүние табуға талпынысын шет көру дұрыс па?.. Кісінің көзі тірісінде дүниеге тоймайтыны туралы алғашқы түсінікті от басынан алдық. Біздің оқушы кезімізде мектеп оқулығында көпір үстінде тұрып, өзен бетінен сүйек тістеген өз суретін көрген, содан соң оның аузындағы сүйекті тартып алмақ болып суға секірген иттің ісі баяндалатын. Сабақта осы әңгіме негізінде тойымсыздық, қызғаншақтық туралы жаңа білім алып, ұғымымызды байытқанымыз анық. Бұл өмір құбылыстарының сырын білу, тану ғана емес, ой мен сезімді де қозғаған, таң қалдырған мазмұнды процесс еді. Мұғаліміміздің сұрауы бойынша осы оқиғаны тақтаға шығып, жап-жақсы айтып та бердік. Бірақ мұның шын мәнісін өз басым кейін түсіндім. Дүниенің иттің аузындағы сүйек секілді екенін айтушы еді ауыл қриялары. Ит сүйекке таласады, аузы-

на салып кеміреді. Бірақ тояттай алмайды. Еңбегі еш болады. Сүйекке аузын жырғызып, қанын ағызады.

Қандай көрнекті ой. Ауыл ақсақалдарының осы сөзінен кейін, бұл әңгіме турлы алғашқы түсінігім мен ұғымым басқа, басқа деңгейдегі танымға айналды. Мұны да әлі күнге дейін ұмытпаймын. Жалпы, дүние қанша қызықты болса да, түсте сезінген қуаныш секілді – ояна кетсек, қолда қалған ештеңе жоқ. Өмірдің мысалы да осы сияқты. Дүниеден озар шақ келгенде, өткен өмір осылай көрінетінін бұрынғылар айтудай-ақ айтқан ғой.

3. Шілдебайұлы. Көзі тірісінде XX ғасырдың Гомері атанған ұлы жырау Жамбылдың:

Өтірікті сүймедім,
Дүние үшін күймедім.

Алтынына біреудің
Жолда жатса тимедім, –

деген өлең жолдарын, реті келгенде, ғибрат етіп айтқаныңызда, сүйсініп тыңдаймын. Жаңағы айтқан әңгімеңіз осы өлеңнің мазмұнымен үндесіп жатқан сияқты. Екеуінде де өмірлік мәні зор халықтық қағида бар.

Ж. Дәдебайұлы. Жамбыл жыраудың өмірде ұстанған қағидасы асыл. Ондай асылзада қасиет екінің біріне қона бермейді. Кісі о дүниеге ештеңе алып кетпейді. Оны біреу біліп айтады, біреу біреуге ілесіп айтады. Дүниеқорлық жолына түсіп кеткен жақсы емес. Бірақ кісі өмірде өзі мен өз туғандарының күнелту жағдайының қамын жеп, еңбек етуі қажет. Өмірдің мәні адал еңбекпен таразыланады. Өмірдің қадірі – сыйластықта, қайырлы болуда. Кісі өмірде өзін, айналасын сыйлап, өзгелерге қайырлы болса, онда оның жақсы ғұмыр кешкені. Ақындардың: «Тіріде сыйласпаған ағайын, мен өлген соң жыласаң, құм құйылсын көзіне», - деуінде мән бар. Халық қабыл алған даналық сөздердің бәрі ақылдан, адамгершілік негізден шыққан. Сондықтан кісінің өзінен кейінгілерге үлгі болар іс, ғибрат болар сөз қалдыру жайын ойлауы артық емес. Саналы адамның тіршілікте саналы әрекет жасауы шарт. Әр нәрсені ақылмен істеп, өз ісінің игілігін өзіне, жақындарына, халқына көрсетуі керек. Сол жолда қанша бейнет шексе де, шаршап-шалдықса да, өз пайдасы үшін басқа біреуге қиянат жасамауға, зиян шектірмеуге, кесірін тигізбеуге, әділеттен таймауға тиіс.

3. Шілдебайұлы. Ғажап ойлар айттыңыз. Адам ниетінің қазіргі қалпы туралы пікірлер аз емес. Олардың зарлы бір сарыны мынадай болып келеді: жақсылық азайды, жамандық көбейді, адамшылық

адасты, ақыл азап шегуде, өтірік өрге домалады, арамдық сыйлы болды, т.б. Бұл не деген гөй-гөй десеңізші...

Ж. Дәдебайұлы. Жақсыны жақсы деп бағалар, жақсылықты жақсылық деп пайымдар жан азайған жоқ. Жақсы да, жақсылық та орнында, өз деңгейінде. Мен бұл ұғымдарды іргелі мәдени-әлеуметтік категориялар қатарында қабылдаймын. Бірақ жақсы мен жақсылық туралы әділ сөз айтуға жұрттың бәрінің бірдей ақыл-ой өресі жете бермейді. Ақ пен қараның арасын іздеген, ажыратқан болып, ақты қара деп, қараны ақ деп әуреке түсіп, әлек болып, бірақ сонысымен пайда тауып жүргендер де жоқ емес. Еркіндік дегенді өтірікті шындай етіп айту деп желігіп, жұртты да желіктіруге жан салып жүрген қыздырмалар бар. Қыздырманың қызыл сөзінен сақ болу керек.

З. Шілдебайұлы. Пікіріңіз орынды. Жастарды әлгіндейлердің қызыл сөздерінен сақтандыру да үлкен жұмысты талап ететін болар.



Уәли, Алғағали, Жанғара, Ерғали, Күзен, Зернебек

Ж. Дәдебайұлы. Меніңше, бұл жерде істің басты бір тетігі мемлекеттің, үкіметтің ішкі және сыртқы саясатын халыққа дұрыс түсіндіріп отырған бұқаралық ақпарат құралдарында. Теледидарда әдепсіздік, қорлық пен зорлық сияқты қылықтарды насихаттайтын фильмдерден біздің өсер өркеніміз қандай тағылым алады?

Әділеттілік, адамгершілік туралы жұрттың жүрегіне жеткізіп бір ауыз ақыл сөз айта алмайтын зиялы азамат халық алдындағы қызметін мінсіз атқарып жүр ме?

Бұл арада әр азаматтың сөзінде, сөйлеуінде тәрбиелік, танымдық мән, тереңдік, байсалдылық, стратегиялық және тактикалық көрегенділік, адамгершілік негіз болуы шарт. Екінші жағынан, халық, оның өсер өркені жастар туралы мемлекеттің қамқорлығы, жасап отырған жағдайының жайы, мәні мен мәнісі әр адамның жүрегіне жетіп, көкейіне қонғандай анық айтылуы қажет.

3. Шілдебайұлы. Әңгіме желісінен бірнеше қасиеттің ажары ашылып, дараланып шықты: ақыл, білім, адамгершілік. Күнделікті тіршілікте сөз бен істің бірілігі, шындыққа қиянат жасамау, сабырлылық, қанағат пен рақым осы қасиеттерден тарайды. Осы қасиеттер ойына қанат беріп, бойына қуат дарытқанда, адам баянды ғұмыр кешпек. Бұл пікір Сіздің айтқан ойларыңыздан туып отыр.

Ж. Дәдебайұлы. Адамның жан байлығы, рухани тірегі туралы айтқан ойларым осы қасиеттерге негізделеді. Сұхбатымызды оқыған не тыңдаған адам одан өзіне қажетін алып, өнеге боларлық мысқалдай бір ғибрат тапса, уақытымыздың текке кетпегені. Адамзат үшін дүниедегі ең қымбат қазына – ақыл, білім, адамгершілік.

3. Шілдебайұлы. Өмір – Жаратушының адамзатқа берген үлкен сыйы. Сондықтан да әркім өмірін мағыналы, мазмұнды өткізуге ұмтылады. Адамның адамсыз күні жоқ. Осындай жағдайда кісінің кісіден көңілі қалуы да оп-оңай. Өзіңіздің де кісіден көңіліңіз қалған, кісі көңілін қалдырған кезіңіз болған шығар. Сондай сәттеріңіз үшін қиналған жайыңыз болды ма?

Ж. Дәдебайұлы. Ондай сәттерім үшін қиналған жайым болды. Адамдар арасындағы қарым-қатынас көп қырлы, көп салалы, әрі соншалықты нәзік. Өмірімде ешкіммен жауласқан емеспін. Біреуден көңілім қалса да, біреу маған дұшпандық жасаса да, өзімнің дұшпандық көрсеткен жерім жоқ. “Дос көңілі бір атым насыбайдан қалады”, – демей ме халық даналығы. Балалықпен, шалалықпен, білместікпен, байқамай көрсеткен орынсыз қылықтарыммен, орынсыз сөздеріммен, қуанышты немесе ренішті күндерінде қасында болмаған, жақсылық жасай алмаған, қол ұшын бере алмаған кездеріммен қанша жақсы адамдардың, жақындарым мен жанашырларымның, достарымның көңілін қалдырдым екен... Кейде осындай ойда боламын.

З. Шілдебайұлы. Жаратушыға, көңіліне қаяу түсірген сол кісілерге бүгін не дер едіңіз?

Ж. Дәдебайұлы. Кешір, кешіріңіз! – деймін.

З. Шілдебайұлы. Жеке өз басыңыздың қасиетіне қатысты Жаратушыдан не тілер едіңіз?

Ж. Дәдебайұлы. Жаратушыдан: Е, Жаратқан, өзің мейірімінді түсір, мені астамсынғаннан, сомсынғаннан сақта! – деген тілек тілеймін.

З. Шілдебайұлы. Рахмет.

Ұлағат. – 2007, № 3. – Б. 31-41.



Солдан оңға қарай: Жанғара, Ерғали, Зернебек



АДАМ БОЛАМ ДЕСЕҢІЗ...



3. Шілдебайұлы. Абайдың адам туралы айтқан ойларының мағынасы бай. Ақынның адамды Алланың махаббатпен жаратқаны жайындағы ойларында керемет сырлар бар. Бірақ Абай адамды Алла махаббатпен жаратқан екен деп қарап отырмайды.

Адам - бір бөк көтерген бөктың қабы,-

дейді. Сіз бұған қалай қарайсыз?

Ж. Дәдебайұлы. Дұрыс қараймын.

3. Шілдебайұлы. Дұрыс қарағанда, неге дұрыс қарайтыныңызды таратып айтып бересіз бе?

Ж. Дәдебайұлы. Абайдың шығармашылығы тұтасымен адам туралы: адамның жаны мен тәні, ісі мен сөзі, іші мен тысы жайында. «Ар мен ұят ойланбай, тәнін асырап, Ертеңі жоқ, бүгінге болған құмар» секілді сара сөздер осы арнада туған. Осы екі тармақтағы ұғымдарға назар аударып көріңізші: «ар мен ұят ойланбау»; «тәнін асырау»; «ертеңі жоқ»; «бүгінге болған құмар». Бәрі де тәннің құмарынан туатын амалдардың ұғымын білдіреді. Әрқайсысы өзмен сабақтас, ыңғайлас, сондай-ақ қарама-қарсы сипаттағы құбылыстармен байланысты. Ол байланыстар әр түрлі. Мысалы, ар мен ұят жайына көңіл бөлетін болсақ, Абай бұл туралы өзекті ойлардың желісін таратып айтады. Қара сөздерінің бірі толығымен ұят жайына арналған. Ұят турасында ақынның басқа сөздері мен өлеңдерінде де жеткілікті айтылған. Ардың мәнін ақынның Құран аяттары, Пайғамбар хадистері негізінде ашатыны да бар. Тән жайында айтылған ойлардың тереңіне бойлау да оңай емес.

Тәннің құмар болатын нәрселері - өтпелі өмірдің соқпалы қызықтары: байлық; билік; ішіп-жемеқ; ойнап-күлмек, т.б. Абайдың сөзінің төркіні: «Дүние - бөк, оны қуған - ит»,- деген халық даналығымен де үндеседі. Мына жерде ақын сөзін тәннің дегенінен шыға

алмайтын, тәннің құлына айналған адамға қатысты айтып отыр деген орынды. «Тәннен жан артық еді, тәнді жанға бас ұрғызса керек еді. Жоқ, біз олай қылмадық, ұзақтай шулап, қарғадай барқылдап, ауылдағы боқтықтан ұзамадық», - дегенде, Абай осыны өкінішпен, ызамен айтқан.



Оңнан солға қарай: Жанғара, Зернебек

Абайдың ақындық танымы мен суреткерлік ұстанымына қарағанда, адам жүректің, ақылдың дегенін орындамай, тәннің тілегіне еріп кетсе, онда оның хайуаннан айырмашылығының болмағаны. Бұл жайында Абайдың алдындағы Аристотель, әл-Фараби, Ибн Сина секілді Шығыс даналары да іргелі ойлар айтқан. Шығыс халықтарының тәмсілдері мен хикаяларында да салмақты ғибраттар аз емес. Әйтсе де Абайдың сөзінің жөні бөлек. Бұл жерде тілдің көркемдеу құралдырының қызметі жайында айтудың да артықшылығы жоқ. Бүтін мен бөлшектің өзара шектес тұруының өзі тілдің бейнелеу құралдарын осындай тәсілмен пайдалануға негіз болады. Жалпының орнына жалқының, бүтіннің орнына бөлшектің немесе шектес тұрған нәрселердің бірінің орнына екіншісінің қолданылуы поэтикалық тәсілдердің бірі екені жайында өте ерте замандардан бері айтылып келе жатқаны рас. Егерде поэтикалық тәсіл жайын емес, затты мазмұн мен нақты мағына жайын айтатын болсақ, онда бұл сөзді осы айтылған қалпында қабылдауымыз керек. Мұны айтқанда, Абай көз алдындағы адамның бойынан іздегенін таппай, көргенін, көзіне түскенін ғана айтып отыр. Сондықтан ақынның сөзінің шындыққа қатысы туралы екіұшты ойлау орынсыз. Ақын тура шындықтың өзін айтқан, бейнелі түрде айтқан. Адамның адамдығы ішінде де, сыртында да емес, рухында. Рух дегенде, Абай айтқан жан. жүрек. ақыл туралы ұғымдарды негізге алып отырмын.



3. Шілдебайұлы. Осы өлеңнің екінші жолында айтылған ойды да көп адам өзіне емес, өзгеге қатысты айтылғандай көреді.

Осындағы:

Боктан сасық боласың өлсең тағы...-

деген сөздің арғы тегі мен кейінгі шегін қалай меже-леуге болар еді?

Ж. Дәдебайұлы. Адамның тіршілігіндегі жағдайы әлгідей болғанда, оның өлгеннен кейінгі жайының мынадай болуында ешқандай артықшылық жоқ. Абай бұл жерде де тек қана шындықты айтқан. Ол жалпыға да, жалқыға да ортақ. Өзін адам санап жүргендердің бәрінің аяғы осылай бітеді. Ақынның сөзіне қарсы шығып: «Жоқ, мен ондай емеспін, мұның маған қатысы жоқ», -

дегендер болса, олар қателеседі. Ес жиып, етегін жапқан адам мұндайда сақтанады. Жаратушы адамдардың тіршіліктегі амалдары негізінде: «Тозаққа бармайтын адам жоқ», - деген. Мұның мәнісі Абайдың осы екі тармағында тұр.

Адамның бұдан аман құтылуына оның тіршілікте ақыл, қайрат, жүрегін бірдей ұстап жасаған игілікті, сауапты, ізгі істері мен сөздері ғана себепкер бола алмақ.

Өлеңнің келесі екі тармағында тіршілікте әлгідей, өлгеннен кейін мынадай болатын адамдардың бір-бірімен: «Менімен сен тең бе?» - деп мақтанатыны айтылады. Тірісінде анау, өлісінде мынау болатын адамның бұлайша мақтануы ақылға еш қонбайтыны рас. Мұның өзі адамнан шықты дегенге ақыл абыржып, ар ұялатыны анық. Бірақ кісі өзінен өзі қашып кете алмайды.

3. Шілдебайұлы. Ақынның осы екі тармақтағы мазмұнды кейінгі жолда мақтанмен сабақтас жалғастыруына қарағанда, мақтану, мақтау дегеннің өзі де жақсы болмай тұрған сияқты ғой.

Ж. Дәдебайұлы. Оныңыз рас. Абай кісіні шын мақтағанға, көптің көңілі толып, шын ниетпен мақтағанына қарсы емес. Пайда табуды көздеп, өтірік мақтағанға, біреудің біреуден өзінің әлде бір жері ар-

тық екенін айтып мақтанғанына қарсы. «Басына һәм өзіне өзгешелік бермек - адам ұлын бір бұзатын іс», - деген Абай. «Өзгеше боламын демектің түбі мақтан» болмақ. Ал кісінің өзін өзгелерден артық санауы, өзінен-өзі пісіп-кебуі, тұмсығын көкке көтеруі, мал-жанының көптігін айтып мақтануы, мансабының буы буынына түсіп мардымсуы, ақылмансуы, өзгелерді қор тұтуы адамды аздыратын, адамшылықтан адастыратын жаман қылықтардың қатарына жатады. Кісі бойында мұндай қылықтардың белең алуы тек қана ақылсыздықтан болмайды. Абайдың тұжырымдауынша, адам баласының «көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдының сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулылықтың жоқтығынан азады». Ақыл болғанмен, жүректе ақылдың дегенін ұғып, қабыл аларлық қайрат жоқ жерде адамшылық та тұрмайды. Адам ақыл, қайрат, жүрек үшеуін бірдей ұстағанда ғана әр нәрсенің өлшеуін білмек, сонда ғана оның адамшылығы толық болмақ. Бұл жоқ жерде білім де, ғылым да болмайды. Білім, ғылым жоқ жерді надандық қараңғылығы басады. Надандық еріншектікпен, залымдықпен ұялас. Абай бұл үшеуінің адам баласын «хайуан хисабына қосатынын» айтады.

3. Шілдебайұлы. Мақтау, мақтану дегеннің кейде біреуге жарасып тұрғандай көрінетіні де бар ғой. Сіз кісінің мақтанғанына мүлде қарсысыз ба?

Ж. Дәдебайұлы. Мақтанудың ондай да түрі болатын шығар. Абайдың жүйелеуінше, мақтанның екі түрі бар: үлкендік және мақтаншақтық. Мақтаншақтардың үш түрі болады. Олардың біреуі - надан, надан да болса, адам. Екіншісінің надандығы толық, адамдығы толық емес. Үшіншісі - наданның наданы, адам емес. Мақтанның аяғы осылай бітеді.

3. Шілдебайұлы. Осы түсініктердің мәнісін ашып айтсаңыз қайтеді. Мысалы, Абай көрсетіп отырған мақтаншақтың үш түрін анықтаудың өлшемдері бар ма?

Ж. Дәдебайұлы. Абай әр нәрсенің өлшеуі барын айтады: «Ішпек, жемек, кимек, күлмек, көңіл көтермек, құшпақ, сүймек, мал жимақ, мансап іздемек, айлалы болмақ, алданбастық - бұл нәрселердің бәрінің де өлшеуі бар. Өлшеуінен асырса, боғы шығады».

Әрбір нәрсенің артықтығы мен кемдігін біліп, оның тең ортасын ұстаудың маңызы зор. Бірақ оны білу де, ұстау да оңай емес. Артық дегеннің де, кем дегеннің де дәл өлшерлік таразысы жоқ. Сондықтан артық пен кем де, орта мөлшер де әрқашан бір деңгейде бола бермейді. Әрбір заттың, құбылыстың үш өлшемі болады: а) басы; ә) ортасы; б) аяғы. Аристотельден бермен қарай бұл өлшем сөз өнері шегіндегі құбылыстарға да қатысты айтылып келеді. Әл-Фараби осы өлшемге сүйене отырып, адамның жақсы және жаман қасиеттерін ажыратады. Мысалы, жомарттық жайына келгенде, ғұлама оның өл-

шемін табудың мынадай екі шегін көрсетеді: а) сараңдық; ә) ысырапшылдық. Дүниедегі шектен тыс үнемшілдік сараңдыққа әкеліп соқса, шектен тыс артық жұмсау ысырапшылыққа, «бекер мал шашпаққа» ұрындырады. Бұлардың шамасын біліп, өлшеуін сақтау жомарттық болып табылады.

Абай өзінің заманы мен заманының адамына сын айтқанда, осындай шамадан, осындай өлшемнен асып, шектен шығып кетуден туған кемшіліктерді сынайды. Ал енді осы қағиданың Абайдың қолдануындағы жүйесіне келетін болсақ, мынадай ұстаным шығады: әр нәрсенің екі шегі болады. Мысалы, Абай айтып отырған «ойланбақ» сөзі беретін мағынаның екі шегінің бірі - ойсыздық, екінші шегі - қиялилық. Кісі ойланбақты қойып, ойсыздыққа ойысар болса, онда жұрт оны «ақымақ» деуі мүмкін. Бұл жақсы емес. Егер кісі ойланбақтан бір мезет басын босата алмай, ойдың тереңіне бойлай алмай, «ойын байлай алмай» кетсе, онда жұрт оны «қияли» деуі мүмкін. Бұл да жақсы емес. Абай айтқан «ішпек, жемектің» жайы да осылай: «ішпек, жемекке» шектен тыс берілу тойымсыздыққа, қомағайлыққа алып келеді, ал «ішпек, жемектен» тыйылу ашығуға, қайраттың қайтуына, адам организмінің азып-тозуына алып келеді. Екеуі де жақсы емес. Кісі мұның өлшеуін «ішіп-жемекке» қанағатты болу жолымен ғана таппақ. Кісі адамгершілік сапа өлшемдерінің бір шегіне немесе екінші шегіне қарай ауытқып кетуден сақтанып, олардың ортасын ұстауы шарт. Әрнәрсенің өлшеуін білудің мұндай әдіснамалық жолдарын Абайдың алдында өткен Аристотель, әл-Фараби, Ибн Сина көрсетіп кеткен. Абай солардың әдіснамалық қағидаларын өз заманының құбылыстарының өлшеуін табуға негіз еткен. Мақтаншақтың Абай көрсеткен үш түрінің мәнісін осы әдіснама жүйесінде анықтауға болады. «Адам» мен «надан» ұғымдарын қатар алып отырғанда, Абай надандыққа «білім-ғылымның жоқтығы» деп анықтама береді. Олай болған жағдайда, адамдық адамның бойында «білім-ғылымның» болу деңгейіне сәйкес анықталуға тиіс. Кісінің бойында білім-ғылымның болуы адамдықтың көрсеткіші болса, кісінің бойында білім-ғылымның жоқтығы - надандықтың көрсеткіші. Адамның көкірек көзіне қонатын білім-ғылымның мөлшері де өлшемді: толық; толық емес; жоқ. Ақын наданның үш түрінің өлшемін «жоқтан» шығарады.

3. Шілдебайұлы. Құбылыстардың, адам бойындағы қасиеттердің өлшемін білудің басқадай жолдары да болуы мүмкін емес пе?

Ж. Дәдебайұлы. Мүмкін. Көпті көргендерден қалған мынадай сөз бар: адам баласы жарық дүниеге дәрет жолынан екі рет шығып келгеннен кейін мақтанға салынуына, көкірек керуіне, менмендік көрсетуіне болмайды. Мұны біздің бала кезімізде ауылдың ақсақалдары айтушы еді. Кейін білдік, бұл бұрыннан келе жатқан сөз екен.

Негізі, жарық дүниеге әлгіндей жолдардан өтіп келген, оның үстінде ішінде боқ тұрған адам мақтанып, өзін өзгеден артық көріп, көкірек көтермесе де болғандай екен... Кісі өз бойындағы қасиеттердің өлшеуін білуге болмыстағы шектес құбылыстарды осылай шендестіріп, содан ғибрат алу, білім табу жолымен де жететінге ұқсайды.

3. Шілдебайұлы. Сіздің әңгімеңізді тыңдаған сайын, өзіме де, дүниеге де көңілім салқын тартып бара жатқандай бір әсердің құрсауынан шыға алмай бұлқынып тұрған сияқтымын. Көңілім жайланар ма екен, тағы бір әңгіме айтып берсеңіз қайтеді?

Ж. Дәдебайұлы. Айтып берейін. Әзірет Әліден қалған дейтін мынадай бір сөз бар: «Шындығында, бұ дүние дегеніміз - мынадай алты нәрсе: тамақ, сусын, киім-кешек...» Сіздің көңіліңізді суытып алмас үшін, осы үшеуімен шектелейін. Дүниеде адамның жейтін тамағының тәттісі бал болса, оның өзі шыбынның артынан шығады екен. Адамның ішетін сусынының алды су болса, оның халал не харам екені ажыратылмайды екен. Адамның киетін киімінің алды жібектен болады екен де, жібектің өзі құрттың артынан шығады екен... Міне, тәнін асыраған адам өмірін осылар үшін сарп етеді екен. Осы айтылғандардың бәрі адамзат баласының табиғатына ортақ. Оның үстіне мұның бәрін байырғылар өздерінен кейінгілерге ой салу үшін айтқан. Адамның бірінің біріне көкірек көтермеуіне, біріне бірінің асықпын деп мақтанбауына, бір-біріне рақымды болуына бұлардың да әсері бар... Ескіден келе жатқан осындай әңгімелерден кейін, Абайдың адам туралы жаңағыдай сөздерінің халықтың дәстүрлі мәдениетіне негізделген терең көзқарастан туғаны жайлы ойдың төбесі көрінгендей болады.

3. Шілдебайұлы. Бұрынғылардан сөз қалмаған-ау. Жаңағыларға бой алдырып қойған жандардың ниеті де дұрыс болмайтын шығар. Надандық та осылай туатын сияқты. Наданның белгілері ретінде білушілер мыналарды көрсеткен екен: қатыгездік; менмендік; өзі білмеу; ақ пен қараны, адал мен харамды айырмау; білгеннің ақылын алмау; өзі білмейтін нәрсе жайында сөйлеу; өзі білетін нәрсе жайын айтатын жерде айтпау, т.б. Наданның осы және басқа белгілері жайында Абай да келістіріп айтқан ғой. Абай адамның надан болмайтын, тіршілікте «боқ болмайтын», өлген соң «боқтан сасық болмайтын» емін көрсетпеді ме екен?

Ж. Дәдебайұлы. Мұның емін руханият саласындағы тарихи ұлы тұлғалардың біразы айтқан. Абай да айтты. Бірақ Абайдың айтуы оның өзіне дейінгі тарихи ұлы тұлғалардың айтуынан ерекше: терең, арналы. Солардың қатарынан адамның тірісінде «боқ болмауына», өлген соң «боқтан сасық болмауына» септігін тигізетін амалдар туралы Абай негіздеген ұстанымдардың бірнешеуін ғана атап өтейін.



Зернебек пен Жанғара ағалары Балтабайдың дастарханының басында

Бірінші. «Бұлардың емі халлақыңа махаббат, халық ғаламға шапқат, қайратты, тұрлаулы, ғадаләт ісінің алды-артын байқарлық білім, ғылым» екендігі туралы қағида. Білімнің, ғылымның жоқтығы - надандық. Ол туралы өзіңіз жаңа жақсы айттыңыз. Адам баласы ғылым, білімді махаббатпен көксерлік болса ғана оның аты адам болады.

Екінші. «Әуел құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегінді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды», - дейді Абай. Жұмысы жоқтық адамды аздырады. Адамның адам қалпынан азбауының жолы еңбекте. Бұл қағиданы қулық сауып, көз сүзіп жүргендерді, тіленіп, адам сауып жүргендерді теріс бетінен, иттік істерінен қайтарып, түземек үшін айтылған ақыл десе болады.

Үшінші. Абай адам болам деген жанның бес нәрседен қашық, бес нәрсеге асық болуын ғибрат етеді. Алғашқы бесеу: өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ. Кейінгі бесеу: талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым. Адамның дүниеде «боқ болмайтын», өлген соң «боқтан сасық болмайтын» бір жолы осында: алғашқы бесеуден қашық, кейінгі бесеуге асық болуында.

Төртінші. Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстау.

Бесінші. Адам болудың, болғанда толық адам болудың жолын Абай Құдайдың жолымен байланыстырады. «Құдай тағаланың жолы деген жол ниһаятсыз (шексіз) болады. Оның ниһаятына ешкім жетпейді. Бірақ сол жолға жүруді өзіне шарт қылып кім қадам басты, ол таза мұсылман, толық адам делінеді», - дейді Абай.

Абай айтып отырған осы қағидалардың арғы негізі Құранға, Аристотельге, әл-Фарабиге, Ибн Синаға барып тіреледі, олар біздің заманымыз үшін де маңызды.

З. Шілдебайұлы. Осы мәселелер қазіргі абайтану ғылымында арнайы зерттеле ме екен?

Ж. Дәдебаев. Бұл мәселелер қазіргі абайтану ғылымында зерттелуде. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтында бұл бағытта едәуір жаңа ғылыми нәтижелерге қол жетті. Абайдың адам мен заман туралы концепциясын зерттеуде айтарлықтай жетістіктер бар. Солардың негізінде «Абайтану. Абай ғылыми-зерттеу институтының еңбектері» атты көптомдық сериялық басылымның жобасы жасалды. 2015 жылға дейін осы көптомдықтың алғашқы он томын шығару көзделеді. Оның бес томы қазіргі зерттеу нәтижелері негізінде, бес томы университетте бұған дейін жасалған жұмыстардың негізінде. Абайтану ғылым және оқу пәні ретінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде туып, қалыптасты, қазір өз дамуының жаңа сатысына өтті. Университеттің ғалымдары мен ғалым ұстаздарының ғылыми зерттеу еңбектерінің нәтижесінде жасалған осы интеллектуалдық бай қазынаны жаңағыдай көптомдық түрінде толық жинақтап, ел игілігіне айналдыру біздің рухани өміріміздегі елеулі жетістік болары анық. Мұндай бай қазынаны Абайдың «қалың елінің» игілігіне пайдаланудың әлеуметтік маңызы зор.

З. Шілдебайұлы. Бұл бір игілікті болайын деп тұрған іс екен. Ал енді осы іске қолдау да керек қой. Оны қолдауға тиістілер қолдамай, мұндай көптомдықтардың қажеті жоқтығын айтып, бұра тартпас па екен?

Ж. Дәдебаев. Бәрі де болуы мүмкін. Қазір жұрттың көбі әлем деңгейінде ойлауға құлшынууда. Әлемдік ауқымда ойлап, әлемдік ауқымда іс қылмаққа ұмтылудың нәтижесінде қазақтың, елдің өз бойындағы асыл қазыналарына көзі түспейтін көзқамандар пайда болды. Қазақтың өз аумағындағы, қазақ білімі мен ғылымының өз қажеттіліктері деңгейіндегі іргелі игілікті мәселелердің өзін әлемдік кеңістікте қарауға ұмтылатын болдық. Мысалы, Абайдың адам мен заман туралы концепциясын зерттеу мақсатында жасалған ғылыми жобаның сапасына әлдебір шетелдік мамандар сараптама жүргізуі таңқаларлық нәрсе емес. Мұндай құлшыныстар мен ұмтылыстар ағынында абайтануға көз салуға, көңіл аударуға біреудің мұршасы, біреудің уақыты, енді біреудің ақылы жетпей қалуы да мүмкін. Бірақ бір нәрсенің басы ашық: абайтану ғылымы, абайтану ғылымы саласындағы зерттеу нәтижелері басқаларға емес, қазақтың өзіне керек, ел-жұртқа керек. Елге керек, халыққа керек қазына қараусыз қалмайды.

З. Шілдебайұлы. Осы көптомдық серияда тек әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жасалған зерттеу нәтижелері ғана қамтыла ма, жоқ басқа мекемелерде жасалған еңбектерге де орын табыла ма?

Ж. Дәдебайұлы. Бұл жерде біздің мақсатымызды жүзеге асырудың екі деңгейі бар. Оның бірінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде орындалған жұмыстар қамтылады. Көптомдық серия жолға қойылғаннан кейін, жобаның екінші кезеңі басталады. Екінші кезеңде белгіленген міндеттерді республикалық аумақта жүзеге асыру көзделеді.

З. Шілдебайұлы. Осы жұмыстарды орындауға, зерттеу жұмыстарын жүргізуге мемлекеттік бюджеттен арнайы қаржы бөліну мүмкіншілігі қандай?

Ж. Дәдебайұлы. Абай институты үйлестіріп отырған бірнеше ғылыми-зерттеу жобасы бар. Олардың біразы мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылады. Ал абайтану саласындағы арнайы жоба («Абай және қазіргі заман») зерттеуші мамандардың жеке шығармашылық сұраныстары, бастамашылық ұсыныстары негізінде орындалуда. Бір ерекше атап өтетін нәрсе бар. Ол - осы жобаны орындаушылардың ешқайсысының қаржы мәселесін көтермеуі, бәрінің де Абайдың шығармашылығын қаржысыз зерттеуге ықыласты болуы.

З. Шілдебайұлы. Жоба бойынша орындалған зерттеу жұмыстарының нәтижелерін жариялау мүмкіншіліктерін кеңейту мәселесіне қалай қарайсыз?

Ж. Дәдебайұлы. Ондай ой бар. Ғылыми зерттеу нәтижелерін көптің игілігіне ұсынудың жолдарын іздестірудеміз. Жоба бойынша орындалған зерттеу жұмыстарының нәтижелері әзірге «Абай институтының хабаршысы» журналында, «Абай институты» сайтында жарияланып келеді.

З. Шілдебайұлы. Жақсы екен. Ал енді осы аталған журнал мен сайтты шығару мен ұстаудың өзіне де қыруар қаржы керек екені анық. Оны қаржыландырудың көздерін табудың да маңызы үлкен емес пе?

Ж. Дәдебайұлы. Әрине, оған сөз бар ма. Журнал мен сайт өз қызметін бастағалы көп болған жоқ. Қазір қалыптасу үстінде. Сапа мәселесіне ерекше талап қойып отырмыз. Үстіміздегі жылдың аяғына қарай журнал да, сайт та өз дамуының жаңа деңгейіне көтеріледі деген сеніміміз бар.

З. Шілдебайұлы. Осы еңбектердің негізінде жоғары оқу орындарының студенттеріне арнап жаңа лекциялар курсын жасауға қалай қарайсыз?

Ж. Дәдебайұлы. Бұл жайында ойландық. Зерттеу нәтижелері негізін-

де «Абайтану» атты он бес лекциядан тұратын инновациялық лекциялар курсын дайындау үстіндеміз. Бұл курс жеке кітап болып та шығады, бейнелекциялар түрінде де дайындалады. Курс мазмұнының өзегі Абайдың адам мен заман туралы концепциясы негізінде түзілмек.



Зернебек Шілдебайұлы өлең оқып тұр

3. Шілдебайұлы. Абайдың толық адам туралы қағидасы жайында зерттеу жүргізіп, лекция оқи бастадық деп жүрген мамандарды білемін. Абайдың толық адамы туралы арнайы лекциялар курсын дайындауға қалай қарайсыз?

Ж. Дәдебайұлы. Абайдың толық адам туралы қағидасын біздің зерттеушілеріміз Абайдың адам мен заман туралы концепциясы аясынан тыс, жеке-дара құбылыс ретінде қарастырмайды. Толық адам қағидасы - Абайдың адам мен заман туралы іргелі концепциясының, ақындық дүниетанымының бір бұтағы, басқаша айтсақ, бүгіннің бөлшегі. Халықтың дәстүрлі мәдениетінің бұл концепцияға негіз болған бірнеше категориялары қатарында ақынның толық адам туралы көзқарасы да пайымдалады. Біз дайындап жатқан оқу пәнінің «Абайтану» деп аталуының осындай

мәнісі бар, лекциялар курсының мазмұны да осы бағытта анықталады. Оның үстіне «Абайтану» оқу пәні ретінде біздің университетте туды, соның негізінде М. Әуезовтің Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы монографиялық зерттеуі жазылды, «Абай жолы» дүниеге келді. Ал Абайдың толық адамы туралы арнайы лекциялар курсын дайындау мәселесіне келетін болсақ, ол жайында ойлану керек. Егерде бір мамандар ондай лекциялар курсын дайындап, оны білім алушыларға оқып жататын болса, оның да жөні бар шығар. Бұл жерде біздің зерттеуші мамандарымыз Абайдың толық адам туралы Сіз бен біз жоғарыда көрсеткен қағидасын еске алады. Ол қағиданы осы жерде қайталап еске алсақ, артық болмас деп ойлаймын: «Құдай тағаланың жолы деген жол ниһаятсыз (шексіз) болады. Оның ниһаятына ешкім жетпейді. Бірақ сол жолға жүруді өзіне шарт қылып кім қадам басты, ол таза мұсылман, толық адам делінеді».



Көріп отырсыз, осы қағида-сында Абай толық адамға нақты анықтама берген, толық адам болудың шартын көрсеткен. Осы шартты, оны түзген құрамдас талаптарды, оларды орындаудың жолдарын терең зерттейінше Абайдың қандай адамды толық адам дейтінін білемін деу, жастарға арнап толық адам туралы лекциялар курсын оқимын деу асығыстық болады. Өйткені бұл - өте күрделі мәселе. Ондай іргелі мәселені теология, дінтану саласындағы көрнекті ғалымдар зерттеп, соның нәтижесінде «Дінтану», «Теология» мамандықтары бойынша оқитын студенттерге арналған лекциялар курсын дайындауы мүмкін. Сонымен қатар мынаған көңіл бөлу дұрыс: толық адам дегенге үрке қараудың немесе аспандағы айды жерден көріп қалғандай болып сескенудің

жөні жоқ. Толық адам концепциясы исламтануда әуелден бар. Толық адам болмысы туралы іргелі монографиялық зерттеулер де аз емес.

З.Шілдебайұлы. Алдымен адам болып алсақ жарар еді...

Ж.Дәдебайұлы. Иә, дұрыс айттыңыз.

З.Шілдебайұлы. Әңгімеңіз үшін рахмет.

Абай институтының хабаршысы. – 2012, № 12. – Б. 84-89.

МАЗМҰНЫ

Дәдебайұлы Ж. «Сұхбаттар кітабы» туралы.....	3
Сағат Е., Дәдебайұлы Ж. Сапалы білім арзан болмайды, арзан білім сапалы болмайды.....	5
Сағат Е., Дәдебайұлы Ж. Күннің нұры мен ананың сүті туралы пән.....	19
Шілдебайұлы З., Дәдебайұлы Ж. Қымбат қазына.....	33
Шілдебайұлы З., Дәдебайұлы Ж. Адам болам десеңіз.....	44

Дәдебайұлы Ж., Сағат Е., Шілдебайұлы З.
СҰХБАТТАР КІТАБЫ

ISBN 978-601-08-4041-6



Жауапты редакторы Л. Мұсалы
Редакторы Б. Даутова, Ұ. Байлиева
Корректорлары: Г. Ыбырайқызы, А. Мұратова
Техникалық редакторы А. Кенжеқожаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалды.

Электрондық басылым.

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71.